

САИАСАТ

ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТЫ ӨҢІРДІ АРАЛАДЫ

2-бет

КҰН ТÁРТІБІ

БЮДЖЕТ МҮМКІНДІКТЕРІ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

3-бет

KELBET

«ҚАЛА КӨРКІ – БІЗГЕ СЫН»

4-бет

TIRSHILIK

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ!

7-бет



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШІ – ХАЛЫҚТЫҢ НАҚТЫ ТАБЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жүйсенбі күні алғаш рет ел Үкіметінің кеңейтілген отырысын өткізді. Жыйнағ Премьер-Министр, Президент Әкімшілігінің Басшысы, Үкімет мүшелері, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдері, Қазақстан Президентіне тікелей бағынышты орталық мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Отырысты ашқан Қасым-Жомарт Тоқаев үстіміздегі жылдың алғашқы жартысындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларына тоқталды.

– Қаңтар-маусым аралығында жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік деп айтуға болады. Атап айтсақ, экономикалық өсім 4,1 пайызды құрады. Инфляцияның жылдық көрсеткіші 5,4 пайыз болды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 11,7 пайызға өсті. Әрине, аталған экономикалық көрсеткіштердің барлығы халықтың тұрмысына оң ықпал етуі тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Жыын барысында Премьер-Министр А.Мамин, Ұлттық банктің төрағасы Е.Досаев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Р.Скляр, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б.Сапарбаев, Ауыл шаруашылығы министрі С.Омаров, Түркістан облысының әкімі Ш.Шөкеев, Қарағанды облысының әкімі Е.Қошанов және Атырау облысының әкімі Н.Ноғазов баяндама жасады.

Премьер-Министр А.Маминнің айтуынша, экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және нәтижелі жұмыс орындарын құру үшін негізгі мәселе – инвестициялардың жаңа толқынын тарту.

– Біздің міндетіміз – жыл сайын негізгі капиталға инвестициялар көлемін орта есеппен 20 пайызға арттырып, оның деңгейін 2025 жылға қарай ІЖӨ-нің 30 пайызына дейін жеткізу, – деген А.Мамин, негізгі капиталға инвестициялар 11,7 пайызға ұлғайғанын, оның ішінде жеке инвестициялар 13 пайызға өскенін атап өтті.

Тікелей шетелдік инвестициялардың жылдық көлемін қазіргі 24 млрд доллардан 2025 жылға қарай 34 млрд-ға дейін арттыру керек, дей келіп Үкімет басшысы инвестициялар тарту үшін өңдеу өнеркәсібінің, отын-энергетика кешенінің, көлік және логистиканың, АӨК пен туризмнің әлеуеті зор екенін мәлімдеді.

– Инвестициялар тарту жаһандық бәсекелестіктің артуы жағдайында жүзеге асырылып жатқанын атап өту қажет. Осыған байланысты Үкімет барлық мемлекеттік қолдау шараларын қолданумен және қолайлы инвестициялық ахуал құрумен инвестициялар тарту бойынша проактивті жұмыстарды жүргізе бастады, – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы биыл жұмыспен қамту шаралары, оның ішінде «Бас тау Бизнес» және «Жас кәсіпкер» бағдарла малары аясында қысқа мерзімді кәсіптік оқыту арқылы қамту 4 есеге артаатынын және 300 мыңнан астам адамды құрайтынын айтты.

– Ағымдағы жылы шағын несиелендіруге шығындар 19 мың адамды қамтумен 85 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Жаңа бизнесидеялар іске асыруға гранттар көлемі 37 мыңнан астам адамды қамтумен 18 млрд теңгеге дейін ұлғайтылады, – деді Премьер-Министр.

Нақты экономиканы дамытудағы қаржы секторының рөлін күшейту жұмыстары мен ақша-кредит саясаты аясында қолға алынып жатқан шаралар туралы Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев баяндама жасады. Бас банкирдің айтуынша, 2019

жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша инфляция ағымдағы жылғы 4-6 пайыз нысаналы дәлдіге сақталып, жылдық көрсеткіш 5,4 пайыз деңгейде қалыптасты.

– Ұлттық банк экономиканы қол жетімді кредиттік ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша шаралар қабылдауда. Ағымдағы жылғы 1-тоқсанда кредит портфелі банктердің жұмыс істемейтін қарыздарды 624 млрд теңге сомаға 12,5 трлн теңгеге дейін есептен шығаруы нәтижесінде төмендеген соң, сәуір-мамырда кредиттік белсенділіктің қалпына келуі байқалды», деген бас банкир банк секторының жалпы кредит портфелі ағымдағы жылғы сәуір-мамырда 2,2 пайызға ұлғайып, 12,8 трлн теңгеге дейін өскенін мәлімдеді. Сонымен қатар биылғы қаңтар-мамыр аралығында банктер өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда жаңадан берілген кредит көлемі 14,2 пайызға өскенін айтылды. «Ақша-кредит талаптарын жөңілдеуде. Бизнес үшін теңгемен кредиттер мөлшерлемесі 2018 жылғы мамырдағы 12,5 пайызбен салыстырғанда 11,9 пайызға дейін төмендеді. Қорландыру базасын жақсарту үшін халықтың депозиттері бойынша ең жоғары мөлшерлеме мерзімді және жинақ салымдардың пайдасына 12,5 пайызға және 13,5 пайызға дейін өсірілді. Шетел валютасындағы салымдарды төңгегеі салымдармен алмастыру жалғасуда. Депозиттердің долларлану деңгейі жыл басындағы 48,4 пайыздан ағымдағы жылғы мамырдың қорытындылары бойынша 39,1 пайызға дейін төмендеді, – деп атап өтті Е.Досаев.

Бас банкир Елбасының тапсырмасына сәйкес Ұлттық банк экономиканың басым салаларын жөңілдікпен несиелеу бағдарламасын іске асырып жатқанын, оның шеңберінде банктерге 600 млрд теңге сомаға ұзақ мерзімді қорландыру ұсынылғанын атап өтті. Ұлттық банк төрағасы халықты қолжетімді баспанана қамтамасыз ету үшін Елбасының Бес әлеуметтік бастамасы маңызды бағыт екенін жеткізді. «7-20-25» бағдарламасы бойынша 7 936 отбасы 92 млрд теңге сомаға қарыз алды.

– Ағымдағы жылғы мамырда бағдарлама талаптарын жақсарту үшін қарыз алушыларға баспана құнынан 20 пайыздан астам бастапқы жарна енгізу құқығы берілді. Бұл ай сайынғы төлем мөлшерін азайтуға және осы арқылы табысы төмен азаматтарды қамтуға мүмкіндік береді. Банктерге талаптарды төмендету есебінен қатысушы банктер саны кеңейді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Жарлығын іске асыру үшін Ұлттық банк кепілсіз тұтынушылық кредиттер бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығару тетігін бекітті, – деді Е. Досаев.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасынан кей азаматтардың кредиттік жүктемелерін азайту туралы Жарлықтың қалай орындалып жатқанын сұрады. – Мемлекет теңдессіз әлеуметтік қолдау шараларын қабылдады. Себебі

тұтыну кредиттеріне қатысты қордаланған мәселелерді шұғыл шешу қажет болды. Мына нәрсені тағы да қайталап айтамын бұл бір реттік қана шара. Сондықтан, Ұлттық банк жіберілген кемшіліктерді ескеруі қажет. Кез келген жағдайға сапалы сараптама жүргізіп, болжам жасауы тиіс. Сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында мен банктік емес ұйымдарды Ұлттық банктің бақылау жүйесіне енгізуді тапсырдым. Осыған байланысты қандай шаралар қабылданып жатыр?», – деп сұрады Президент.

Ұлттық банк басшысы ағымдағы жылғы 30 шілдеге дейін банктер мен микроқаржы ұйымдары есептелген тұрақсыздық айыбы бойынша берешекті кешіретінін айта келе: – Биылғы шілдеде қаржы нарығын реттеу мен дамыту функцияларын Ұлттық банктен 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке мемлекеттік органға беру туралы Заңға қол қойылды. Жыл соңына дейін Ұлттық банк барлық қажетті нормативтік-құқықтық базаны қабылдау жұмысын аяқтайды, – деді.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр Биыл республика бойынша 13 млн шаршы метр тұрғын үй салынатынын айтты. 2017 жылы 11,1 млн шаршы метр немесе 100,8 мың тұрғын үй, 2018 жылы 12,5 млн шаршы метр немесе 113 мың пәтер, 2019 жылдың 6 айында 5,7 млн шаршы метр немесе 48 925 тұрғын үй салынған.

– Биылғы алты айда тұрғын үй құрылысына 605,7 млрд теңге инвестиция тартылды, бұл 2018 жылғы деңгейден 15,5 пайызға жоғары. Мемлекеттік қаражатқа 7,4 млрд теңге жеке инвестициялар тартылды. Жыл соңына дейін барлығы 118 мың тұрғын үй салуды жоспарлап отырмыз, оның ішінде 48 925 тұрғын үй пайдалануға берілді. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі салымшыларының саны 1,3 млн адамға жетті, – деді Р. Скляр.

Министрдің мәліметінше, тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша көшбасшы Түркістан, Қызылорда, Алматы және Қостанай облыстары екен. Тұрғын үйді уақтылы іске қосу үшін құрылыс алаңдарына тиісті инженерлік коммуникацияны жүргізуге 81,7 млрд теңге қарастырылып отыр.

– «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде берілген Елбасының тапсырмасы бойынша көп балалы отбасылар үшін тұрғын үй салу және сатып алу қарастырылған. 7 жыл ішінде 40 мың отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Биыл мамыр айынан бастап 1610 көп балалы отбасына тұрғын үй берілді. Оның ішінде Маңғыстау (9 пәтер), Ақтөбе (22 пәтер) облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласының (24 пәтер) әкімдіктерімен барлығы 55 пәтер берілді, – деді Р. Скляр.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастарға жалға берілетін тұрғын үй салуға және сатып алуға қаржыландыру ұлғайтылды. 3 жыл ішінде 3 мың жалға берілетін пәтер берілді. Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында 1050 пәтер және Шымкентте 900 пәтер беру көзделген. Жыл сайын 3 жыл ішінде көп балалы, толық емес отбасылар мен мүгедек балалары бар отбасылар үшін жылғына 2%-бен 6 мың жеңілдікті қарыз берілетін болады, – деді министр.

Сондай-ақ 2019 жылдың соңына дейін «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы жаңа редакцияда қабылданатынын атап өтті. Оған тұрғын үйлерді жылумен, сумен жабдықтау және су беру, коммуналдық секторды жаңғырту және үйлерді жөндеу мәселелері енгізілетін болады. ►► 2-бетіміз

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

ТҮРЛІ КӨЗҚАРАС – БІРТҰТАС ҰЛТ

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды



Сәрсенбі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі туралы Жарлыққа қол қойды.

– Кеңестің негізгі мақсаты – жұртшылықтың, саяси партиялардың азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен мемлекеттік саясатқа қатысты өзекті, маңызды мәселелерге қатысты ұсыныстарды тұжырымдау. Негізгі міндеттері – мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына қоғамдық сараптама жүргізу және жұртшылықтың, азаматтық қоғамның пікірін ескере отырып, маңызды проблемаларды талқылау. Жұртшылықтың, саяси партиялардың, үкіметтік емес сектор мен мемлекеттік органдар өкілдері арасында сындарлы диалогты қамтамасыз ету. Ұлттық кеңестің төрағасы Президенттің өзі болып табылады, – деді Ерлан Қарин.

Естеріңізге салсақ, 12 маусымда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы ұлықтау рәсімінде Қазақстанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру туралы айтты.

– Мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру жөн деп шештім. Оның құрамына барлық бірлестік өкілдері мен жастар енеді. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысы осы жылдың тамыз айында өтеді. Билік халыққа берген барлық уәдесін орындауы тиіс, – деген болатын Мемлекет басшысы.

Президент Жарлығымен құрылған Ұлттық қоғамдық кеңесінің 44 адамнан тұрады. Президент Қ. Тоқаев өзі төрағалық ететін кеңес құрамына Парламент депутаттары, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, танымал экономист-сарапшылар, саясаттанушылар мен қоғам белсенділері еніп отыр.

Орталық коммуникациялар қызметінде Ұлттық қоғамдық кеңестің хатшысы, ҚР Президентінің кеңесшісі Ерлан Қарин ұйымның алдына қойылып отырған міндеттерін түсіндірді. Ол Ұлттық кеңестің ҚР Президенті жанындағы консультативті кеңесші орган болатынын айтты.

– Кеңестің құрамына анықтау үшін соңғы бір айда консультациялар өткізілген болатын. Сол консультацияларда айтылған пікірлерді жүйелеп, осындай шешімге келдік. Ұзақ уақыт бойы қоғамдық маңызы бар мәселелерді тұрақты көтеріп жүрген белсенділер, нақты бір сала бойынша шұғылданып жүрген кәсіби мамандар кеңеске кірді. Олар қоғамның барлық саласынан іріктелді. Саяси-қоғамдық алаңдардың, түрлі саяси күштердің өкілдерін тартуға тырыстық. Ескі оппозиция өкілдері де, жаңа қалыптасып келе жатқан қарсы топтардың өкілдері де бар, – деді ол.

ӘКІМДЕР ТАПСЫРМА АЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысынан соң Ақордада облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдерімен кеңес өткізді.

Қазақстан Президенті өз сөзінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шұғыл шешу үшін әкімдердің алдына бірқатар міндет қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдер корпусына халықтың талаптарын жүйелеуді және оларды шешу үшін жан-жақты жұмыс жүргізуді, сондай-ақ, олардың қажеттілігі өңірдің әлеуметтік жол картасында көрініс табуы керек екенін тапсырды.


Мемлекет басшысының пікірінше, өңірлік билік облыстар мен қалалардағы тұрақтылық үшін жауапкершілікті өздеріне алуы тиіс.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті

алдағы астық жинау науқанына дайындық жұмыстарын жүргізуді, дала мен орман өрттерін ескерту және оның алдын алу шараларын қабылдауды, сондай-ақ, жылу беру маусымына өзіндік жүргізуді, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі қойылған барлық міндетті іске асырылуын бақылауды Президент Әкімшілігіне жүктеді. Жынынан кейін Мемлекет басшысы облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерін қабылдады.

Ақорданың баспасөз қызметі



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРАЛІГІ ЖҮРГІЗГЕН ИНВЕНТАРИЗАЦИЯ БОС ЖАТҚАН 16,5 МЛН ГЕКТАР ЖЕРДІ АНЫҚТАДЫ. ҮКІМЕТКЕ БАРЛЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНЕ АУАТ ЖҮРГІЗУДІ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ЦИФРАНДЫРУДЫ ТАПСЫРАМЫН. ЖЕР – ӨНДІРІСТІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ. ТИМДІЛІК ПЕН АШЫҚТЫҚ БОЛМАСА, АУЫЛДЫ ДАМУЫ ААМАЙМЫЗ.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

TOQAYEV TEAM

SARYARQA-AQPAPAT

ПРЕЗИДЕНТТИҢ ВИРТУАЛДЫ ҚАБЫЛДАУЫ АШЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың виртуалды қабылдауы ашылды. Бұл туралы мемлекет басшысы Instagram-аккаунтында хабарлады.



Тоқаев өзінің жеке парақшасына мыңдаған оқырман пікір жазып, сауал жолдап жататынын атап өтті. «Олардың ішінде жүйелі түрде жұмыс істеуді қажет ететін күрделі мәселелер де бар. Әркім өз сұрағына жауап алып, пікірін оқирғаннан қалайды. Алайда, барлық өтінішке осы парақша арқылы жауап беру мүмкін емес екенін өздеріңіз де жақсы түсінесіздер», – дейді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғаммен пікір алмасуды жолға қою, әрбір азаматтың сұрауын қанағаттандыру, мұқтаж жандарға дер кезінде көмек көрсету мақсатында www.akorda.kz сайтында Президенттің виртуалды қабылдауы ашылғанын айтты.

Оның айтуынша, қазіргі өзінде виртуалды қабылдауға келген хаттар келіп тұсады. Республика азаматтарының жеке немесе қоғамдық сипаттағы түрлі мәселелері бойынша өтініштері қаралады.

«Әр хат ресми тіркеледі, оны өзім де қараймын және әкімшілік қызметкерлері де қарастырады. Бұл – еліміздің әрбір азаматы ресми түрде сұрау салуға мүмкіндік беретін, заңды күші бар виртуалды қабылдау», – деп жазады Президент.

БИЫЛ НҰР-СҰЛТАНДА 1500 АДАМҒА ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ БЕРІЛЕДІ

Алтай Көлгінов Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес астаналықтарды баспанамен қамту жұмысы қалай жүзеге асатынын айтып берді.



– Арнайы зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бас қаладағы ең негізгі әлеуметтік мәселелердің бірі – баспана. Қазіргі уақытта тұрғын үй кезеңінде 46 829 адам тұр. Олардың ішінде көпбалалы отбасылардың саны – 3 501. Мемлекет бір мезгілде барлығына бірдей баспана бере алмайды. Бірақ, біздің қолымызда басқа да турмыстық мәселелерді шешетін мүмкіндіктер бар, – деді Алтай Көлгінов.

Сондай-ақ, қала басшысы елордалықтарды баспанамен қамту шаралары «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында да жалғастырынып айтып өтті.

– Биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 24 көпбалалы отбасы баспанамен қамтылды. Бұл жұмыстар әлі да жалғасады. Одан бөлек, коммуналдық тұрғын үй қорынан 1634 пәтер бөлеміз. Оның 731-і арендалық негізде беріледі. Оның 233-іне көпбалалы отбасылар иелік ететін болады. Биыл барлығы 1500 тұрғын үй сертификатты беру жоспарлануда. Оның 1 мыңы көпбалалы, толық емес, мүгедек балалары бар отбасыларға беріледі, 500 сертификат білім, денсаулық сақтау және полиция департаментінің қызметкерлеріне беріледі, – деді қала әкімі.

ТУРИЗМДІ ДАМУҒА АРНАЛҒАН JASTAR КЕРҮЕНДІ БАСТАЛДЫ

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен ішкі туризмді дамытуға байланысты «Jastar керуені» әлеуметтік жобасы бастау алды. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары Шахмардан Байманов айтты.



– Биыл елімізде Жастар жылының жариялануына байланысты 89 бағыт бойынша жобалардың жол картасы дайындалған еді. Соның ішіндегі ең ірі жобаның бірі осы «Jastar керуені» ұйымдастырылып отыр, – дейді Шахмардан Байманов.

Қазақстан жастар конгресінің атқарушы директоры Тоқтар Болысұба конкурс нәтижесі 25 шілдеде белгілі болатынын айтты. Содан кейін іріктеуден өткен жастар 12 тамызда Нұр-Сұлтан қаласында отандық острада жұлдыздарының қатысуымен слет өткізеді.

– Ақ ертенінде, 13 тамызда 7 бағыт бойынша сапарға аттанады. Ақмола, Алматы, Қарағанды, Павлодар, Орал, Өскемен, Шымкент қалаларына жол тартқан бөлсенді жастар 4 күн бойы 7 өңірдің туристік нысандары мен киелі орындарын аралап, алған әсерлерін әлеуметтік желіге жариялайды. Жастар – қоғамның қозғалышы күші. Әлеуметтік желіде бөлсенді жастар туризм саласында трендтер қалыптастырып отыр. Сондықтан ер бағытта жастармен бірге блогерлер барады. Жастар солар бөлсенді ақпарат арқылы еліміздің туристік әлеуеті жоғары өңірлер туралы толыққанды ақпарат алуатын болады, – дейді Тоқтар Болысұба.

Қазақстан жастар конгресінің атқарушы директорының айтуынша, осы күнге дейін 1000-нан астам адамнан ұсынатын түскен Шілденің аяғына дейін олардың саны 2 000-ға жетеді деп күтілуде.

– Іріктеуден өткен жастар сапар соңында өз ұсынатынын айтады. Оны жинақтап, тиісті мемлекеттік органдарға жолдаймыз. Нәтижесінде жастар ақсыз қыдырып қана қайтпай, жер-жердегі туризм инфрақұрылымын қалай шешу керектігі жөнінде өз ұсынатынын білдіреді, – дейді ол.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШІ – ХАЛЫҚТЫҢ НАҚТЫ ТАБЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



– Президент тапсырмасын орындау министрліктің ерекше бақылауында. Индустриялық және инфрақұрылымдық саясатты іске асыру қазақстандықтардың өмір сүру сапасын одан әрі жақсартуға және әл-ауқатын арттыруға бағытталатын болады, – деп қорытындылады сөзін Р.Скляр.

Биыл халықты әлеуметтік қамсыздандыруға 3,4 трлн теңге бөлінді. Бұл – республикалық бюджеттің 27 пайызы. Қаражат мемлекет тарапынан көрсетілетін 39 түрлі әлеуметтік көмекке жұмсалмақ.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаевтың айтуынша, биыл ең төменгі жалақының көбеюімен 1,3 млн азаматтың еңбекақысы ұлғайса, 230 мың жеке компанияда жалақы өсуіне байланысты тағы 1,1 млн азаматтың еңбекақысы артқан. Бұдан бөлек бюджет қызметкерлерінің де жалақысы көбейіп, нәтижесінде жыл басынан бері 5,2 млн қазақстандық тұрмысын жақсартып отыр. Ал бытырдан бастап зейнетақыны тікелей еңбек етіліне байланысты есептеудің нәтижесінде елде 2,1 млн зейнеткер болса, олардың орта есеппен зейнетақылары 80 пайызға көбейген. Сонымен қатар қазіргі таңда Қазақстан бойынша жұмыс істейтін азаматтардың 70 пайызы зейнетақы аударымын тұрақты жасап отыр.

Осы орайда Президент бүгінде «Еңбек» бағдарламасын іске асыру тетіктері аса тиімді емес екенін, 2018 жылы жұмыссыздар саны керісінше 443,6 мың адамға көбейіп кеткенін, 2017 жылы олардың саны 442,3 мың болғанын алға тартып, «Еңбек» бағдарламасы жұмыссыздар санын азайтпай, бар болғаны қазіргі көрсеткішті сақтап отырғанын айтты.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы «Еңбек» және «Серпініс» бағдарламаларын іске асыруда қандай мәселелер бар екенін, оның тиімділігін арттыру үшін қандай жұмыс атқарылып жатқанын сұрады.

Өз кезегінде Б.Сапарбаев «Еңбек» бағдарламасы аясында 1,5 млн адам жұмыспен қамтылғанын айтты.

– Оны жүзеге асыру қорытындысы бойынша 1 млн жұмыс орны ашылды, оның 800 мыңы тұрақты жұмыс орындары. Теңгерімді сақтау мақсатында біз бағдарламаны 2025 жылға дейін әзірледік.

Қанша қызметкер кетеді, қаншауы келеді? Шамамен 350 мың жұмыс орнын жыл сайын ашуымыз керек. Осылайша, жұмыссыздық деңгейін 4,8 пайыздан 4,5 пайызға төмендетеміз, – деді министр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ең өзекті мәселелердің бірі Арыс қаласындағы әскери қоймада болған жарылғыш салдарын түпкілікті жою екенін атап өтті.

– Менің тапсырмам бойынша Үкімет қажет қаражатты бөледі. Егер шешілмеген мәселелер болса, оларды шұғыл түрде шешу керек. Уақыт өте тығыз, – дей келе жалпы Арыс қаласында жұмыс бөлсенді түрде жұргізіліп жатқанын алдағы уақытта да жұмысты жалғастыру керекін жеткізді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы ел азаматтары, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, өңірлер, отандық бизнес және бірқатар шетелдік инвесторлар зардап шеккендерге материалдық және моральдық қолдау көрсеткенін тілге тиек етті.

– Бұл – халқымыздың береке-бірлігінің арқасы және тұтастығымыздың көрінісі. Бәріне ризашылық білдіремін. Бүгінде Арыстағы жағдай тұрақты. Қаланы және тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстары ойдағыдай жүріп жатыр. Халыққа материалдық көмек көрсетілді. Біз Арыспен біргеміз, қаланы міндетті түрде қалпына келтіреміз, – деген Президент Премьер-Министрге және өкілдерге осы мәселені қатаң бақылауда ұстауды тапсырып, Қорғаныс министрлігіне әскери қойманы көшіру жұмыстарын ұзаққа созыбай, қысқа мерзім ішінде аяқтау қажеттігін еске салды.

– Жұмыс атқарылып жатқанын көріп тұрмын. Алайда біз қазір жүйелі кешіліптермен және әскери ведомстваның бақылауының әлсіреуімен күре сіп жатырмыз. Мемлекет басшысы және Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде министрлік жұмысына қанағаттанбайтынды білдіремін және Қорғаныс министріне қатаң сөгіс жариялаймын, – деді Мемлекет басшысы.

– Қазір арнайы тергеу комиссиясы жұмыс істеп жатыр. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша Президент Әкімшілігі және Қауіпсіздік Кеңесі кішілерді жазалау бойынша ұсыныс түсіру керек. Сонымен қатар, Қорғаныс министріне осындай басқа да нысандарға

талдау жасауды тапсырамын. Талдау қорытындысы бойынша мәліметтерді биыл 20 тамызға дейін енгізу керек. Бұл оқиға төтенше жағдайларды жою жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыруда дайындығымыздың төмендігін көрсетті. Осы оқиғадан қорытынды шығарып, енді қайталанбауын қадағалау керек. Арыстағы жарылыстың зардабын жою жұмыстары тікелей бақылауда болады, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы сонымен қатар алдағы уақытта шағын және орта бизнестің корпоративті табыс салығын жергілікті бюджетке төлеуге заңнамалық негіз қалыптастыру керектігін айтты. Ал жергілікті бюджетті жоспарлауда өңірлердің экономикалық өркіндіктерін арттыру қажеттігін айтты. Осылайша өкілдіктер жергілікті жерлерде жаппай көсіркерлікті дамытуға қосымша ынталандырылмақ.

Өз кезегінде Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов орталық өңірде көсіркерлікті қарқынды дамып келе жатқанын айта келіп, қазіргі таңда әрбір үшінші қарағандылықтың шағын және орта бизнес субъектілерінде жұмыс істейтінін айтты. Осы орайда облыс әкімі шахтерлер қаласы аталып кеткен Қарағандының көсіркерлер шаһарына айналғанын жеткізді. Облыс әкімінің айтуынша, өңірдегі өзекті мәселелердің қатарында экология мен жұмыс берушілер және қызметкерлер арасындағы еңбек қатынастары бірінші кезекте тұр.

Ал қоршаған ортаны қорғау мәселесі туралы Мемлекет басшысы жаңадан Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің құрылғанын алға тартып, қоршаған ортаны қорғау мәселесінде компаниялар табиғатты ластағаннан кейін айыппұл төлеп қана қоймай, келген зиянды жоюға да атсалысу керектігін айтты. Сонымен қатар, Президент Қарағанды облысы бойынша жылыту маусымына дайындық жұмыстарын қатаң қадағалау керектігін айтты, жылу желілерінің ескі ру көрсеткіші Теміртау қаласында 62 пайыз, Шахтинскіде 65 пайыз, Абай қаласында 75 пайызды құрайтынын атап өтті.

Баяндамаларды тыңдаған Мемлекет басшысы Үкіметтің, Ұлттық банктің және өңірлер өкілдерінің жұмыстарына оң баға берді. Қасым-Жомарт Тоқаев қорытынды сөзінде бағдарламалық құжаттар мен сайлауалды бағдарламаның жүзеге асырылу тиімділігін арттыру қажеттігін айтты.

– Алдымызда өте маңызды міндеттер тұр. Бұл ең алдымен еліміздің даму көрсеткіштеріне байланысты. Негізгі міндет – осы қарқынды одан әрі арттыру. Жалпы, бірінші жартыжылдықта еліміздегі экономикалық өсім бар. Инфляция деңгейі тұрақты дамып келеді. Елімізде тартылған инвестиция көлемі ұлғайды. Халықты толғандыран өзекті әлеуметтік мәселелер бойынша нақты шаралар қабылданды. Азаматтардың табыс деңгейін арттыру – басты мақсатымыз. Біздің жұмысымыздың ең маңызды көрсеткіші – халықтың нақты табысы 6,3 пайызға өсті. Дегенмен, тоқмәйісі отыруға болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңейтілген отырыста Президент атап көрсеткен бірінші мәселе – елді индустриаландыру. Айталық, индустриаландыру жылдары 1250 жаңа кәсіпорын іске қосылған. 120 мыңнан

астам жұмыс орны құрылған. Бағдарлама қайта өңдеу секторының үлесін сақтап қалуға, экономикада бұрын Қазақстанда болмаған жаңа өндіріс орындарын құруға ықпал еткен.

– Алайда, қалыптасқан жағдай аса қуанарлықтай емес. Қазақстан салаларының сыртқы және ішкі бәсекелестікке төтеп беру деңгейі төмен. Экономикалық күрделіліктің жаһандық индексіне 2017 жылы Қазақстан 133 мемлекеттің ішінде тек 81-орында иеленді. Сондықтан тек үлесті ғана арттырып қоймай, өндірілетін және экспортталатын тауарлар көрсеткішін толықтыра түсу маңызды болып саналады, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, отандық экспорттың құрылымы өзгеріссіз қалып келеді. Олардың 70 пайызы өндіру өнеркәсібіне тиесілі. Оған қоса, экспорттың 14 пайызы ғана қайта өңдеу саласының үлесінде. Биыл Елбасының тапсырмасымен отандық экспорттаушыларды қолдау үшін 500 млрд теңге бөлінді. Қазір тек олардың 70 млрд теңгесі ғана саланы нақты қолдауға жұмсалды.

Президенттің айтуынша, «Қарапайым заттар экономикасының» әлеуетін пайдалану қажет. Қазіргі уақытта жиһаз, азық-түлік, тоқыма, құрылыс салаларының мүмкіндіктері толық ашылып болған жоқ.

Сонымен қатар, жүйелі проблемаларды анықтау үшін бұған дейінгі индустрияландыру бағдарламалары объективті талдау қажет.

– Ең негізгі проблемалардың бірі – тиісті деңгейде қаржыландырудың болмауынан туындайтын жыл сайынғы қиындық. Мысалы, 2018 жылға арналған индустриаландыру бағдарламасы бар-жоғы 35 пайызға ғана қаржыландырылған. Қаржыландырумен қатар біздің стратегиялық мақсаттарымыз да кейінге шегеріле береді. Бұл жерде жоспарлаудың да төмен деңгейі қылақ береді. Қаржыландыру болмайтын болса, жоспарлаудың қажеті не? Бұл ізгі тілектің бағдарламасы болып қалады. Жобалар, бағдарламалар тиісті деңгейде қаржыландырылатындай болып жоспарлану керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ең өзінде Елбасы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі мен экспорт көлемін 2,5 есеге арттыруды тапсырғанын атап өтті. Бұл саланың инвесторлар үшін тартымдылығы төмен екені де құпия емес. Ауыл шаруашылығына тікелей шетелдік инвестицияның тек 1 пайызы, ал негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің 3,2 пайызы ғана тиесілі. – Бізге алдағы бесжылдықта ауыл шаруашылығында нақты сәттілік керек. Осыған орай, басты даму бағыттары және іс-әрекеттердің нақты сызбасын анықтау керек. Инвестиция тарту жұмыстарын тиімді жүргізу қажет. Үкіметке «Қазақ Инвест» АҚ-мен бірлесіп отырып алдағы 3 жылда ірі, белгілі корпорацияларды тартуды тапсырамын, мұндай компаниялардың көбейгені бізге жақсы, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру үшін жасалған Үкіметтің жобалық өсиінің жұмысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жобалық өсиі ұйымдастырудың негізгі жолдары, басым бағыттары, мақсаттары мен міндеттері жөнінде мәлімет берілді.

Дархан МҰХАН

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ | ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТЫ ӨҢІРДІ АРАЛАЙДЫ

Парламент Мәжілісінің депутаты Асылбек Смағұлов жұмыс бабындағы сапармен Жезқазған-Ұлытау өңіріне келіп, жергілікті жердің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, атқарылып жатқан келелі істермен танысты. Сондай-ақ, өңірдегі шешімін күткен негізгі проблемаларға да назар аударды. Нысандарды аралау мен кездесулер барысында Парламент депутатымен Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова мен «Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов бірге жүрді.

Мәжіліс депутаты Жезқазғандағы кездесуін «Nur Otan» партиясының қалалық филиалы ғимаратында прокуратура қызметкерлерімен емес жарқын әңгімелесуден бастады. Ол қала прокуроры Асығат Ахметов бастаған құқықтық орган қызметкерлеріне Елбасының билік партиясының XVIII съезінде алға қойған міндеттері мен әлеуметтік жобалары, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел дамуы жолындағы он маңызды бағыт бойынша берген тапсырмалары жайлы айта келіп, Парламенттің заң шығару тармақтары бойынша атқарып жатқан негізгі жұмыстарымен таныстырды. Парламенттің төртінші сессиясында 109 заң жобасы талқыланса, оның ішіндегі 66 жоба Үкіметтің бастамасымен қаралған. Мәжілісте 80 заң жобасы мақұлданып Сенатқа жіберілді. Президент 79 заңға қол қойды. Олардың ішінде елдің әлеуметтік жағдайын қамтитын, аграрлық кешенді дамытуға бағытталған заңнамалар бар. Осы мәселелерді қамти келе Асылбек Айжарықұлы прокуратура қызметкерлерімен кездесуінің мәніне тоқталды.

– Прокуратура қызметкерлерімен кездесу отырымының бір себебі – өзім Мәжілістегі заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесімін. Парламент қабырғасында 7 комитет болса, олардың әрқайсысы өз саласындағы министрліктермен, тиісті ведомствалармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Сіздердің тараптарыңыздан қандай да бір заңды жетілдіруге байланысты ұсыныс, тіпектер болса соны тындағым келеді. Мәселен, көптеген аудандық жерлерде мал ұрлығы белең алып тұрғаны белгілі. Ұры ұсталғанымен, екі жақ татуласу келісіміне келсе, мал ұрлағандар жауапкершіліктен босатылып жүр. Депутаттар осы мәселені көтерді. Мал ұрлығы қайталап жасайтын болса ауыр қылмыстар қатарына жатқызу туралы Қылмыстық кодекске өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныс білдірді. Енді бұған Қазақстан Жоғарғы сотының қаулысы керек екен. Содан кейін күшіне енуге тиіс. Прокуратура қызметкерлері тарапынан

бірден-саран сауалдар ғана қойылып, заңнамаларды жетілдіруге байланысты айтарлықтай ұсыныс бола қойған жоқ.

Мәжіліс депутаты бұл кездесуден кейін «Жезқазған медициналық орталығы» ЖШС-не барып, емдеу мекемесінің жұмысымен жан-жақты танысты. Мекеме директорының орынбасары Бекболат Шаймағанбетов қоңақты қарсы алып, медициналық орталықтың негізгі жұмыс бағыттары мен ерекшеліктерін ортаға салды. Бұл ең озық құрал-жабдықтармен жарақтандырылған диагностикалық емханасы, осы заманға сай ауруханасы бар бірегей емдеу мекемесі саналады. Медицина орталығы Германияның Фрайбург қаласындағы университет клиникасымен көп жыл бойы тығыз байланыста жемісті қызмет істеп келеді. Олармен бірлескен көптеген жаңа жобалар жүзеге асты. Лапароскопиялық хирургия мен клиникалық кардиология мүмкіндіктері кеңейді, зертханалық зерттеулердің сапасы жоғарылады. Дәрігерлер Германияда мемлекеттік бағдарлама бойынша мамандануда. Сонымен қатар Сөул қаласының Еңсе университеті клиникасымен де әріптестік байланыс орнатқан. Жыл сайын халықаралық стандарттарға сай медициналық қызмет көрсетудің озық технологиялары енгізілуде. Жалпы бүгінде орталық алғашқы медициналық көмектен бастап жоғары технологиялық операцияларға дейінгі кең көлемді медициналық қызметті атқарып отыр. Интервенциялық кардиология, коронарография, стенттеу тәсілдерін енгізу қажетті жүрекке өте жаппай, емдеу қолға алынды. Парламент депутаты А.Смағұлов коронарографиялық зертхананы, кардиология бөлімшесін, С.Бубновский тәсілімен сауықтыратын кинезитерапия орталығын көріп, медицинадағы басқа да жетістіктерімен танысты.

Халық қалаулысы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынып жатқан 60 пәтерлік тұрғын үй құрылысының алаңына да барып, әлеуметтік заң қамтылған топтағы тұрғындарды баспанамен қамту жайына назар аударды. Қонақты құрылыс алаңында қарсы алған қала әкімінің



орынбасары Нұржан Орынбаев бұл бағыттағы атқарылып жатқан істерді жеңілдету бағытына назар аударды. Мұнда оқушылар математика, ағылшын тілі пәндерін және робот техникадан қосымша сабақ алу арқылы тереңдетілген білім алады. Орталықта осыған қойылатын мүмкіндіктер жасалып, әрбір орын филиалға кезқараспен жабдықталған. Биыл жеңіске құрынып отырған қорында ауыл аймақтарының өсірілген көрініді. Құрылыс жұмыстары кестеге сай атқарылуда. Қазір 27 адам жұмыс істеуде. Асылбек Айжарықұлы пәтерлердің кімге бөлінетінін, үй кезегінде тұрғандардың әлеуметтік ахуалы туралы сұрады. Қала әкімі орынбасарының мәлімдеуінше, 60 пәтерлік үйдің 10 пәтері үш бөлмелі. Бұларды көп балалы аналарға беру қарастырылған. Ақ қалған 50 пәтер үй кезегінде тұрған мүгедектерге, асыраушысынан айрылып жетім қалған балаларға, апатты деп табылған үй тұрғындарына және басқа да әлеуметтік қорғауға мұқтаж топтардың отбасыларына бөлінеді. Үй кезегінде тұрғандар арасында 125 көп балалы ана бар. Сонымен қатар, республикалық бюджеттен көп балалы аналарға 30 пәтер сатып алуға қаражат бөлінсе, облыстық бюджеттен 12 пәтер алуға қаржы бөлінеді екен. Осыған орай биыл 59 көп балалы отбасын баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар.

Парламент депутатының бұдан соң аялдаған нысаны «Ютория Ltd» ЖШС қамқорлығымен жабдықталып, іске қосылған «Білім беру және даму

орталығы» болды. Жаңа қалыпта білім беретін орталықта өткен оқу жылында 300-ге жуық бала оқыған. Мұнда оқушылар математика, ағылшын тілі пәндерін және робот техникадан қосымша сабақ алу арқылы тереңдетілген білім алады. Орталықта осыған қойылатын мүмкіндіктер жасалып, әрбір орын филиалға кезқараспен жабдықталған. Биыл жеңіске құрынып отырған қорында ауыл аймақтарының өсірілген көрініді. Құрылыс жұмыстары кестеге сай атқарылуда. Қазір 27 адам жұмыс істеуде. Асылбек Айжарықұлы пәтерлердің кімге бөлінетінін, үй кезегінде тұрғандардың әлеуметтік ахуалы туралы сұрады. Қала әкімі орынбасарының мәлімдеуінше, 60 пәтерлік үйдің 10 пәтері үш бөлмелі. Бұларды көп балалы аналарға беру қарастырылған. Ақ қалған 50 пәтер үй кезегінде тұрған мүгедектерге, асыраушысынан айрылып жетім қалған балаларға, апатты деп табылған үй тұрғындарына және басқа да әлеуметтік қорғауға мұқтаж топтардың отбасыларына бөлінеді. Үй кезегінде тұрғандар арасында 125 көп балалы ана бар. Сонымен қатар, республикалық бюджеттен көп балалы аналарға 30 пәтер сатып алуға қаражат бөлінсе, облыстық бюджеттен 12 пәтер алуға қаржы бөлінеді екен. Осыған орай биыл 59 көп балалы отбасын баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар.

Парламент депутатының бұдан соң аялдаған нысаны «Ютория Ltd» ЖШС қамқорлығымен жабдықталып, іске қосылған «Білім беру және даму орталығы» болды. Жаңа қалыпта білім беретін орталықта өткен оқу жылында 300-ге жуық бала оқыған. Мұнда оқушылар математика, ағылшын тілі пәндерін және робот техникадан қосымша сабақ алу арқылы тереңдетілген білім алады. Орталықта осыған қойылатын мүмкіндіктер жасалып, әрбір орын филиалға кезқараспен жабдықталған. Биыл жеңіске құрынып отырған қорында ауыл аймақтарының өсірілген көрініді. Құрылыс жұмыстары кестеге сай атқарылуда. Қазір 27 адам жұмыс істеуде. Асылбек Айжарықұлы пәтерлердің кімге бөлінетінін, үй кезегінде тұрғандардың әлеуметтік ахуалы туралы сұрады. Қала әкімі орынбасарының мәлімдеуінше, 60 пәтерлік үйдің 10 пәтері үш бөлмелі. Бұларды көп балалы аналарға беру қарасты

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

БЮДЖЕТ МҮМКІНДІКТЕРІ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов сейсенбі күні Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданында жұмыс сапарымен болды.



Облыс басшысы Жезқазғанға барысында нұсқаларда артынан әкімдік ғимаратында «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасына арналған жиын мен актив мәжілісіне қатысты. Қаланы аралаған Ерлан Қошанов алдымен жергілікті кәсіпкерлердің демейшілігімен салынғалы жатқан мешіт орнында болды. «Ақ мешіт» қорының бастамасымен салынатын жаңа 1500 орындық мешіттің жобалық құны 550 млн теңге болып отыр. Мешіт орны да жақында белгіленді. Кәсіпкер Алтай Ерохниннің бастамасын басқа да қалталы азаматтар қолдап, мешіт тұрғызудың қамына ерте көктемде кірісіп кетті. Жезқазғандық кәсіпкер М. Молдашев Кеңгір су қоймасының жағалауындағы жеке меншік жер учаскесін мешіт салу үшін тегін беріп отыр. Қазіргі таңда құрылысты бастауға қажетті құжаттар рәсімделіп, тиісті процедуралар жүрде.

– Сыйбалас жемқорлық – мемлекет дамуын тежеп, халық пен билік арасындағы сенімнің жоғалуына әкеліп соғатын кесір. Біздің агенттік жемқорлыққа қарсы мақсаты және нақты жұмыстармен айналысатын болады. Құрылым құқықорғау қызметін атқарғанымен жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары толастамайтын болады. Бұл бағытта оң жетістіктерге жеткен елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, сыйбалас жемқорлыққа жол ашатын алғышарттарды жоюды басты мақсат етіп отырмыз, – деген ол өз баяндамасында облыс аумағында турмыстық коррупцияның алдын алуға бағытталған «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасына тоқталды. Жоба тұрмыстық жемқорлық көріністерін жоюды, азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсетуде қолайлы жағдай жасауды мақсат етеді. Департамент басшысы баяндамасында сыйбалас жемқорлыққа қатысты статистикалық мәліметтермен де бөлісті. – Быыл бірінші жарты жылдықта ел бойынша сыйбалас жемқорлық оқиғалары 7 пай-



шісі Малика Күсенбаева да баяндама жасады. Ол мемлекет басшылығы сыйбалас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған бастамаларды қолдап отырғанын жеткізіп, «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасының мақсат, міндеттері, басқа да жай-жапсарын түсіндірді. – Жобалық кеңсе мемлекеттік органдардың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Open Space», «Фронт-офис» сынды жобаларды өзгертті. Қазір әкімдер жеке тураларды сол Open Space алаңында қабылдап жүр, – деген ол барлық қызметкерлерді ашықтыққа шақырып, басшылардың қызметтік кабинеттері азаматтарға қолжетімді болу үшін ғимараттың бірінші қабатында болуы керектігін ескертті. Оқу орындарында басшылардың шағын кабинеттерге көшуі босаған орындар білім беру мен тәрбие жұмыстарына тиімді пайдалануға мүмкіндік беретінін айтты. Сондай-ақ, ол мектептер мен орта арнаулы, жоғары оқу орындарында «Адалдық дүкені» жобасы сәтті жүзеге асып жатқанын да тілге тиек етті. Жобалық кеңсе жетекшісінің айтуынша, жемқорлықтың алдын алуға бағытталған жұмыста бұқаралық ақпарат құралдары да көп жұмыс атқарып жатқан көрінеді. Сонымен бірге, жемқорлыққа қарсы жұмысқа үкіметтік емес ұйымдарды да жұмылдыру керектігіне назар аударды. Жемқорлықпен күрес мәселесіне ар-

ласы – көрсетілетін қызметтерді электронды форматқа көшіру. 2019 жылдың бірінші жарты жылдығында барлығы 30059 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 82 пайызы (24673 қызмет) электронды түрде көрсетілді. Электронды қызметтің тиімділігін арттыру және аясын кеңейту мақсатында 38 түсіндіру жұмысы жүргізілді. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғаса беретін болады, – деді қала басшысы. Әкім сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейте мақсатында тәртіптік жазаларды қолдану тәжірибесіне де тоқталды. Жыл басынан бері 7 мемлекеттік қызметшіге осындай жаза қолданылып, 5 қызметші ескерту, біреуі сөгіс, тағы біреуіне қатаң сөгіс берілгенін атап өтті. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларына қатысты жиынды қорытындылаған облыс басшысы Ерлан Қошанов әрбір мемлекеттік қызметшіден адалдық пен заңдылықты сақтау талап етілетінін қатаң ескертті. Облыс әкімінің қаламызға жұмыс сапары актив жиынымен қорытындыланды. Жиынды ашқан облыс басшысы соңғы уақытта Жезқазғанда бірқатар облыс бастамалар қолға алынғанын атап өтті. – Жезқазғанның жағдайы – қашан да менің бақылауымда. Соңғы бірнеше жылда қаланың бюджеті жеткілікті деңгейге көтерілді. Бұрын шешілмей келген мәселелер

жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Келер жылдың үшінші тоқсанында «Қазақмыс» корпорациясының қара мыс концентратын қайта өңдеу гидрометаллургиялық зауыты іске қосылады. Сондай-ақ, басымдыққа ие жобаларды (қарапайым заттар экономикасы) несиелендіру аясында «Ахтямов» шаруа қожалығының құны 240 млн теңге болатын құс фабрикасын ашу жобасы мақұлданды. 2019-2020 жылдары Кеңгір ауылының аумағында құс өсіретін фабрика салынып, Жезқазған аймағын жылына 1,2 мың тонна құс етімен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жалпы құны 720 млн теңге болатын 18 жобаға қолдау көрсетіліп, 205 жұмыс орны сақталып, жаңадан тағы 107 жұмыс орны ашылмақ. Жалпы жыл басынан бері ШОБ даму қарқыны сақталып, жаңадан 11 нысан ашылған. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жыл басынан бері 8 жұмыссыз адам 6 пайызбен жалпы сомасы 99,5 млн теңге болатын микрокредит алған. Жұмыспен қамту шараларының аясында 1146 адам жұмысқа орналастырылды. – Көп балалы, аз қамтылған отбасыларды қолдау – әлеуметтік саясаттың басым бағыты. Осы санаттағы отбасыларды қолдау мақсатында 1 маусымнан бастап 529 көп балалы ана қалаішілік автобустарда тегін жол жүру мүмкіндігін иеленді. 1 қыркүйектен бастап 1-4 сынып аралығындағы 1300 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылатын болады. 17 мектепте ұзартылған оқу күні топтары ашылмақ. Сонымен бірге көпбалалы аз қамтылған отбасыларға балабақша мен үйірмелерге 50 пайыз жеңілдік ұсынылып отыр. Бұл мақсаттарға бюджеттен 49 млн теңге бөлінді, - деді қала әкімі өз баяндамасында. Қайрат Баяндыұлы сондай-ақ, 13 маусымда Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын дамытудың кешенді жоспары нақтыланып, жаңа жобалармен толыққанды қамтамасыз етіліп жатқанын атап өтті. – Есқұла су құбырының құрылысы, Үйтас-Айдос су құбырының қайта құрылымдау жобалары жалғасуда. Сонымен бірге, қаладағы жоспарланған 29 км су құбырының бүгінде 5,2 шақырымды жаңартылды. 7 шақырымдық магистральды су құбырын қайта құрылымдау басталды. Шаруашылық-ауыз су тазарту қондырғыларын жаңартудың 3-кезегі бойынша конкурстық процедуралар аяқталды. Жұмыс шілденің соңында басталды. Сонымен бірге биыл канализациялық тазарту жүйесін жаңғыртудың жобалық-сметалық құжаты дайын болады, – деді қала әкімі. Әкімнің айтуынша, су бұру жүйелерін қайта құрылымдау бойынша да ЖСҚ әзірленіп, қыркүйекте мемлекеттік сараптамаға өткізілмек. Жалпы бұл жобаларды жүзеге асыру желілердегі шаруашылық-ауыз судың шығынын азайтып, сумен қамту тәсілін арттырады, канализация желілерінің тозуын төмендетеді. – «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бюджеттік инвестициялар есебінен бір ареналық бір кредиттік тұрғын үй құрылысы басталды. Бұл тұрғын үйлер 78 отбасын баспанамен қамтуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, жеке құрылыс компаниялары есебінен салынған төрт тұрғын үйден «7-20-25» бағдарламасы аясында 200-ден астам пәтер сатылымға шығарылады. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жеке тұрғын үй салу үшін қаланың батыс ауданында 611 жер учаскесі берілді. Осының арқасында жер учаскелерін алу кезегі 20 пайызға қысқарды, – деді қала басшысы. Әкім жеке тұрғын үйлер салынатын аумаққа инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту үшін бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлініп отырғанын айтты. Қажетті инфрақұрылым тартылып болған соң тағы 500 жер учаскесі кезекте тұрғандарға берілмек. Қала әкімі баяндамасында сондай-ақ, жаңадан салынатын спорттық нысандар, желілетін жолдар мен аулалар, суару желілерін жаңарту туралы да айта келіп, Ел-Білімнің бес әлеуметтік бастамасы аясында тартылып жатқан «Сарыарқа» магистральды газ құбырының бойындағы газ тарту станциясына қалаға тартылатын газ тарту желісінің құрылысына арнайы тоқталды. Бұл мақсатқа жалпы 14,5 млрд теңге қарастырылған. Биыл жобаның бірінші кезегі басталды, оған 2,4 млрд теңге бөлінген. Қала әкімінің баяндамасынан соң облыс басшысы қала прокуроры, полиция, ҰҚҚД басқармалары басшыларының қаладағы ахуалға қатысты баяндамаларын тыңдап, бірқатар мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді. Облыс әкімінің жұмыс сапары одан әрі Сәтбаев қаласы мен Ұлытау ауданында жалғасты.



Ерлан Жақанұлы сондай-ақ, жаңадан салынып жатқан дарынды балалар мектебінің құрылыс алаңында да болды. Жезқазған қаласы құрылыс бөлімінің тапсырысымен «Аспал» ӨК салып жатқан 900 балаға арналған мектептің құрылысы быыл ақпанда басталған. 2020 жылдың қыркүйегіне дейін құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Жалпы құны 1 млрд 806 млн теңгені құрайтын мектептің құрылысы бүгінде бекітілген кестеге сай жүріп жатыр. Облыс әкімі сонымен бірге қалалық емханаға да бас сұғып, ондағы жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Қалалық әкімдікке келген облыс басшысы ең алдымен әкімдіктің бірінші қабатында «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы аясында тұрғындарға қолжетімді мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ашылған ашық кеңесі (Open Space) аралап көрді. Одан кейін мәжіліс залында ҚР Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қарағанды облыстық департаментінің басшысы Денис Шақенов, мемлекеттік мекеме басшылары, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, БАҚ өкілдерінің қатысуымен жиын өтті.

ызға өссе, біздің облыс бойынша бұл көрсеткіш керісінше 11,5 пайызға кеміп отыр. 2017-2018 жылдары денсаулық сақтау саласындағы жемқорлық жалпы республика бойынша төрт есе, біздің облыста 3 есе азайды. Биыл ел бойынша жемқорлық қылмыстар алдыңғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда денсаулық сақтау саласында 62 пайыз, білім саласында 20 пайызға өсіп отыр. Ел бойынша құрылыс саласында жемқорлықтың 43 пайызға азайғаны байқалады. Алайда біздің облыста құрылыс саласындағы жемқорлық қылмыстар керісінше 46 пайызға өсіп отыр, – деді Денис Шақенов. Департамент басшысы қоғам дамуы үшін қауіпті бұл қылмыспен күресте алдын алу шараларына мән берілетінін, түрлі еңбек ұжымдарында, оның ішінде жемқорлық қылмыстар орын алған ұжымдарда түсіндіру жұмыстары жүріп жатқанын атап өтті. Бұл ретте сыйбалас жемқорлық фактісі туралы хабарлаған азаматтарға ақшалай сыйақы берілетінін ескертуді де ұмытпады. Қарағанды облысында жыл ортасына дейін осындай ақпаратпен бөліскен 5 адамға жалпы сомасы 700 мың теңге көлемінде сыйақы берілген көрінеді. Сондай-ақ, ол соңғы уақытта аймағымызда істі болған лауазымды тұлғаларды да атап өтті. – Азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саласы қашан да қырағы назарда. Өйткені осы салада орын алған жемқорлық қылмыстар қарапайым азаматтардың мемлекеттік билік органдарына деген сенімін жоғалтуға ықпал етеді. Өкінішке орай, жергілікті мемлекеттік органдарда сыйбалас жемқорлық қылмыстары жиі кездеседі. Республика бойынша мұндай 519, облыста 25. Жезқазған қаласында 7 қылмыс тіркелді. Квазимемлекеттік сектор да бұл дерттен ада емес. Бұл салаға қатысты республикада 97 қылмыс, облыста 41 қылмыс тіркеліп отыр. Өкінішке орай Жезқазған өңірінде қызметіне адал емес кей лауазымды тұлғалар әлеуметтік тұрғыда әліс азаматтар есебінен қалтасын толтыруды ойлап қылмысқа барды. Олар әлеуметтік жағдайы төмен өздері мемлекет көмегіне мұқтаж азаматтарды бопсалап, пара алған – деді ол.



налған жиында сондай-ақ, Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов баяндама жасап, жүргізілген алдын алу шараларына тоқталды. – Мемлекеттік органдардағы жемқорлықты жоюдың тиімді факторлары бірі – алдын алу жұмысы. Осы мақсатта жыл басынан бері 32 алдын алу шарасы өтті. Олардың ішінде жастармен 5 семинар-кеңес өткізіліп, 7 телесюжет дайындалғанын, мерзімді баспасөзде 20 мақала жарияланғанын атап өткен жөн. Сондай-ақ, қалада осы тақырыпта 4 баннер ілініп, 100-ден астам буклеттер таратылды. Мемлекеттік қызметшілер арасында да жемқорлықтың алдын алуға бағытталған лекциялар өтіп тұрады, – деді Қайрат Баяндыұлы. Әкім сонымен бірге өткен жылы 26 қазан мен 9 қараша аралығында облыстық «Адал жол» марафоны аясында көлемді іс-шаралар өткізіп атап өтті. Сонымен бірге, жемқорлыққа қатысты маңызды мәселелер өкімдік жанындағы сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияда да тұрақты қаралып тұрады. – Мемлекеттік органдардың жемқорлықты жою бағытындағы жұмысының бір са-

қолға алынды. Аймақты дамытудың кешенді жоспары нақтыланды. Жаңа жобалар қосылды. Ауыз су мәселесі де жақын уақытта шешілетін болады, – деді Ерлан Жақанұлы. Қалалық актив отырысында қала әкімі Қайрат Баяндыұлы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндама жасады. – Экономиканың негізгі салаларының есімі 52 пайызды, бюджеттік түсімдер 109 пайызды құрады. Биыл қала бюджеті 2017 жылмен салыстырғанда 2 есе (10,8 млрд теңгеден 20,7 млрд теңгеге дейін), даму бюджеті 7 есе (1,2 млрд теңгеден 8,3 млрд теңгеге) өссе, мақсатты трансферттер түсімі 3 есе (3,9 млрд теңгеден 11,6 млрд теңгеге) өсті. Бұл барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді, – деп бастады баяндамасын қала басшысы. Қайрат Баяндыұлының айтуынша, шағын және орта бизнестің дамуы да жаман емес. Қазірдің өзінде ШОБ қала экономикасының 7 пайызын құрап, былтырғы көрсеткіштен 1,4 пайызға артқан. 2015-2019 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы аясында 13 млрд теңгенің 7 жобасы жоспарға еніп отыр. Бұл жобалар 89

Әкімнің айтуынша, су бұру жүйелерін қайта құрылымдау бойынша да ЖСҚ әзірленіп, қыркүйекте мемлекеттік сараптамаға өткізілмек. Жалпы бұл жобаларды жүзеге асыру желілердегі шаруашылық-ауыз судың шығынын азайтып, сумен қамту тәсілін арттырады, канализация желілерінің тозуын төмендетеді. – «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бюджеттік инвестициялар есебінен бір ареналық бір кредиттік тұрғын үй құрылысы басталды. Бұл тұрғын үйлер 78 отбасын баспанамен қамтуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, жеке құрылыс компаниялары есебінен салынған төрт тұрғын үйден «7-20-25» бағдарламасы аясында 200-ден астам пәтер сатылымға шығарылады. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жеке тұрғын үй салу үшін қаланың батыс ауданында 611 жер учаскесі берілді. Осының арқасында жер учаскелерін алу кезегі 20 пайызға қысқарды, – деді қала басшысы. Әкім жеке тұрғын үйлер салынатын аумаққа инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту үшін бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлініп отырғанын айтты. Қажетті инфрақұрылым тартылып болған соң тағы 500 жер учаскесі кезекте тұрғандарға берілмек. Қала әкімі баяндамасында сондай-ақ, жаңадан салынатын спорттық нысандар, желілетін жолдар мен аулалар, суару желілерін жаңарту туралы да айта келіп, Ел-Білімнің бес әлеуметтік бастамасы аясында тартылып жатқан «Сарыарқа» магистральды газ құбырының бойындағы газ тарту станциясына қалаға тартылатын газ тарту желісінің құрылысына арнайы тоқталды. Бұл мақсатқа жалпы 14,5 млрд теңге қарастырылған. Биыл жобаның бірінші кезегі басталды, оған 2,4 млрд теңге бөлінген. Қала әкімінің баяндамасынан соң облыс басшысы қала прокуроры, полиция, ҰҚҚД басқармалары басшыларының қаладағы ахуалға қатысты баяндамаларын тыңдап, бірқатар мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді. Облыс әкімінің жұмыс сапары одан әрі Сәтбаев қаласы мен Ұлытау ауданында жалғасты.

Дархан МҰХАН

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ



ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов өткен жұмада қалада атқарылып жатқан бірқатар құрылыс жұмыстарымен танысты. Әкім алдымен «Арат» фирмасы ЖШС-нің жаңаланып жатқан сауда павильонына барды. Шағын кәсіпкерлер мен қала тұрғындарына қолайлы жағдай туғызу мақсатында «Шаруа» базарының сауда павильоны толықтай жабылып, бұрынғы базар орнына екі қабатты еңселі ғимарат бой көтермек. Мамыр айында басталған жұмыс келер жылдың қазанында аяқталады. Келесі нысан – «Нұрлы жер» бағдарламасымен салынып жатқан 3 қабатты 18 пәтерлі үйдің құрылыс алаңы. «Самға» ЖШС мердігер болып отырған үй құрылысы 2020 жылы желтоқсанда аяқталады. Құрылыс-монтаж жұмыстарының құны 177,2 млн теңге. 2019 жылы атқарылған жұмыс көлемі үшін республикалық бюджеттен 143,4 млн теңге бөлініп отыр. 10 екі бөлмелі, 8 үш бөлмелі пәтерден тұратын бұл үй «Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» бағдарламасымен пайдалануға берілмек. Қайрат Баяндыұлы сондай-ақ қаланың батыс аймағында жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілетін жер телімдеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту жұмыстарымен танысты. Жақын уақытта бой көтеретін 8-ықшамаудан аумағында қазір электр желісі тартылууда. Мердігер – «СК Орда Құрылыс» ЖШС. Келісім шарт құны – 264,3 млн теңге. Мамырда басталған жұмыс жыл соңына дейін аяқталады. Айта кетер болсақ, қаладағы жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер кезеңінде тұрған 3000-дай адамның биыл 500-іне жер телімі берілді. Дархан МҰХАН

ЖОЛДАР ОЙДАҒЫДАЙ ЖӨНДЕЛУДЕ

Жезқазған қаласын дамытудың үш жылдық жоспарына сәйкес үстіміздегі жылы жол жөндеуге 1 млрд 091 млн теңге қаралған болатын. Оның ішінде облыстық бюджеттен 200 млн теңге, қалалық бюджеттен 891 млн теңге қаржы бөлініп отыр. Қала тұрғындары тарапынан «Биылғы жол жөндеу қарқыны жылдағыдай емес» деген пікір білдірушілер болған еді. Осыған орай қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаевқа хабарласып, жол жөндеу жайын сұрастырдық. «Жол жөндеу жұмыстарының барлығы белгіленген кестеге сай жүргізілуде» деген әкімнің орынбасары атқарылған істер мен алдағы жоспарларын жайып салды.



Бүгінге дейін Талап және Кеңгір ауылдарының жолдары жөндеуден өткізіліпті. Енді Бекболатсайды Төлеубаев пен қала ішіндегі Пушкин көшелері жолдары орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Көптен жөнге келтірілмеген Бекболатсай мен Қостанкелді аудандарындағы Балачная, Шашубай ақын,



Жанайдар батыр және Төлеубаев көшелеріндегі жолдарды орташа жөндеуден өткізуге 209,8 млн теңге қаржы, 7-8 ықшама аудандардағы Исев, Кетбұғы би, Ер Шоштан және Тілеулі батыр көшелерінің жолдарына 103 млн теңге бөлініп отыр. Қала ішіндегі Панфилов, Момышұлы көшелерінің жолдарына да орташа жөндеу деңгейінде асфальт төселеді. Сонымен қатар, жолдардың шұңқырларын жамау да өз деңгейінде жүргізілуде. Аулаішілік жолдарды жөндеуге 181,7 млн теңге қаржы қаралған. Сондай-ақ, облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға Жезқазған-Геология аралығындағы 7 шақырым жолға орташа жөндеу жасалады. Қарағандыдан Қызылордаға қарай өтетін автомобильдердің айналма жолының құрылысы жөнінде ірі жоба қолға алынбақшы. Жалпы үстіміздегі жылы барлық деңгейдегі қаржы есебінен қаладағы 12 көшенің 27 шақырымдай жолы жөндеуге тиіс. Кезек-

ті бір кеңесте қала әкімі мәлімдегендей, келісім шартқа отырған мердігерлерге жолдың сапасына байланысты талаптар қойылыпты. Асфальт-бетон төсеністерінің техникалық құрамы мемлекеттік стандартқа сай болуы керек. Жол сапасынан кінәрат шықса мердігерлер кепілдік мерзім ішінде орын алған ақауды қалпына келтіруге міндетті. Амандық РАХҰЛЫ Суреттерді түсірген Ғалия ӘБДИПАПАРОВА

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

Редакциямызға оқырмандардан өңірдің дамуы, кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көрсетілетін көмек түрлеріне қатысты түскен сауалдарды қала басшылығына бағыттаған болатынбыз. Қала әкімі Қайрат Бегімов газеттің бұл бастамасына қолдау білдіріп, тұрғындардан түскен сұрақтар төңірегінде сұхбат берді.

– Соңғы жылдары қаланы абаттандыру бойынша қыруар жұмыстар атқарылып жатыр. Биыл алдағы жылы осы бағытта атқарылатын жоспарлар туралы да айта отырсыңыз.

– Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен соңғы жылдары қаланың абаттандырылуына ерекше көңіл бөлінуде. Өткен жылы 12 аула жолдары жөндеді, биыл осы бағыттағы жұмыстар жалғасын тапы. Бұл жолы 8 аула аумағы жөнделіп, 6-шағын ауданның 3 ауласы, 3-шағын ауданның 4 ауласы және 63-орамның 1 ауласы ретке келтірілді. Аталған аулалардың асфальті жөнделіп, жаңа бордюрлер орнатылады, сондай-ақ жарықтандыру тректерін қойылады.

Бүгінгі күннің өзінде Ғарышкерлер бақжолы, 7, 38, Есенберлин көшесі, 11, 19, Байқоңыров көшесі, 112 мекенжайларындағы сатылы алаңдардың, Ғарышкерлер бақжолы бойындағы тіреу қабырғасының жөндеу жұмыстары аяқталды, қаланың орталық көшелері бой-

зар иелеріне жергілікті билік тарапынан қандай шара қолданылmaq?

– Жезқазған қаласы біздің үлкен шаңырағымыз, үйіміз іспеттес. Сондықтан оның тұрғындарды да, келген қонақтарды да қуанытып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтындай келбеті болуы тиіс. Бұл – біз үшін, яғни қала басшылығы үшін үлкен сын. Қаламызды көріктендіру мақсатында көптеген ғимарат иелеріне олардың қасбеттерін тиісті түрге келтіру, кіреберістері мен аулаларын абаттандыру бойынша талаптар қойылып, бірқатар жұмыстар атқарылуда. Қаламыздың ұсқынын көтеріп тұрған нысандар да бар. Мысалы, Жеңіс көшесіндегі бұрынғы Орталық Азия университетіне тиесілі ғимарат. Ол бойынша қазіргі кезде оның иесімен үздіксіз жұмыстар жүргізілуде.

Ал Сіз атаған базарлардың сыртқы көрінісі сын көтермейді. Бүгінгі күні меншік иелерімен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тиісті тапсырмалар берілген болатын. Қазіргі таңда «Нарық» базарының төбесін жөндеу жұмыстары

жақында тұрақты суаруға қол жеткізіміз деп ойлаймын.

– Жезқазғандық көпбалалы отбасыларды қолдаудың нақты жоспарлары бар ма?

– Үстіміздегі жылдың басынан бері белгілі оқиғаларға байланысты көпбалалы отбасылардың мәселелері өзекті болып тұрғаны баршаға аян. Бұл орайда Үкімет тарапынан нақты қадамдар жасалып, нақты жоспар құрылды, оның ішінде Қарғанды облысының әкімі Е. Қашанов өзінің есеп беру кездесуінде көпбалалы аналарға қатысты атқарылатын 12 нақты іс-шараны жариялаған болатын. Біз жергілікті билік сол жоспарларды заң аясында жүзеге асыру бойынша жұмыс атқарудамыз.

Нақты тоқталар болсам, «Жезқазған қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы» 07.06.2019 жылғы № 19/02 Жезқазған қаласы әкімінің қаулысы және 11.06.2019 жылғы №36/319 Жезқазған қаласының мәслихатының шешіміне сәйкес, «Алтын алқамен», «Күміс алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға, бірге тұратын көмектесті



«ҚАЛА КӨРКІ – БІЗГЕ СЫН»

ындағы тротуарларда (Жәлел Есенберлин, Сейфуллин, Некрасов және Абай көшелері) 400 дана қоқис жәшіктері орнатылды. Ғарышкерлер бақжолы «Қазақмыс» корпорациясы есебінен қайта жөндеуде.

Егер 2018 жылы қаланың 5 көшесіндегі ұзындығы 6,9 км жол жөндеуіне (Сәтбаев к., Бейбітшілік даңғылы, № 5 жол өткелінен Балқаш көшесіне дейінгі аралықта жол Омаров, Садовое кольцо көшелері), ағымдағы жылы одан 2 есе асатын көлем жоспарланған, яғни қаланың 15,6 км қалаішілік жолдары жөнделіп, Талап және Кеңір ауылының ұзындығы 2,4 км автомобиль жолдары жөндеуімен қамтылады.

Біз қала маңындағы кенттерді де назардан тыс қалдырмадық. Геологиялық кентінде 39 жарық диодты шамдармен жарықтандыру бағандары орнатылды. Бекболатсай кентінің (Комбинатский) – 1,8 км, Қостанкелді кентінің (Рыбачий к.) – 1,4 км, Геология кенті жолын орташа жөндеуге қаражат бөлінді.

Ағымдағы жылы Сейфуллин көшесі, 39а, мекенжайында орналасқан жасыл желекті аймаққа абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жақында тағы осындай 4 орынды абаттандыру қарастырылған. Олар: жағалау аймағына шығатын «Ғарышты игерушілер» монументінің аумағы, «Qazaqstan» сәулелі композициясы, Абай мен Есенберлин көшелеріндегі желекті аймақтар.

Сондай-ақ Бекболатсай (Комбинатский), Қостанкелді (Рыбачий кенті), Пристанционный, Геологиялық кенттерінің және қаланың 28, 61, 64, 65, 67, 69, 78-орамдарындағы аулаішілік жолдар жөнелмек.

Биыл Жезқазған қаласында Кеңір су қоймасы жағасында орналасқан алаңды абаттандыру жұмыстарын жасауға жобалық-сметалық құжаттар жасалды, оның жалпы сомасы 100 млн теңгені құрайды және бұл жұмыстар келесі жылы орындалатын болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қарағанды облысының Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілгеніне жақсы білесіздер, онда Жезқазған қаласының, оның ішінде Бекболатсай, Қостанкелді кенттерінің су беру жүйесін (кәріз), қайта жаңарту жөніндегі іс-шаралар көзделген. Жобаны жүзеге асыру 2021 жылға жоспарланған.

Биылғы жылдың маңызы оқиғаларының бірі қалада 105 бейнебақылау камерасын орнату болды, оның ішінде: 7 жылжымалы күмбезді сандық камера, 86 сандық стационарлық камера және 8 «Рубеж» АБК (нөмірлік белгілерді тану бойынша аппараттық-бағдарламалық кешен) камералары және 4 «Азамат полиция» «ТЭС» шығулы байланыс терминалы орнатылды. Көшедегі қылмыстар мен өкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін арттыру, күзет іс-шараларында көмек көрсету үшін қалалық бейнебақылау камераларынан бейнебақылау Жезқазған қаласының полиция басқармасына беріліп отырады.

Бұл шаралар қалада қылмыстың азаюына және құқық бұзушылықтың алдын алуға үлкен ықпал ететініне сенімдіміз.

– 2018 жылы қаланы кезекті аралау барысында «Мерей», «Нарық» және «Атомир» базарларының жай-күйіне көңіліңізді толмағанын білеміз. Сіздің тарапыңыздан берілген нақты тапсырмаларға қарамастан, аталған сауда алаңдарында күні бүгінге дейін оң өзгеріс байқалмайды. Ба-

басталды, ал толықтай қайта жаңғырту жұмыстарын меншік иесі 2020 жылға жоспарлап отыр. Қазір базар иесі қайта құрылымдауға эскиздік жоба даярлаумен айналысуда, ол жоба 2019 жылдың қыркүйегінде аяқталуы тиіс. «Атомир» базарының кіре берісі қыркүйекте жаңартылып болады. «Шаруа» базары бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Аталған жұмыстардың орындалуы үнемі бақылауда болады.

Көтерілген тақырыпқа сай жерлестерімді осы үлкен үйімізге жанаширылықпен қарап, бұзақылықтарға жол бермеуге шақырамын. Барымызды бағалай білесек, әлбетте, бұдан ешкім зиян шекпейді деп ойлаймын.

– Қаланы көгалдандыруға қазынадан қомақты қаржы бөлінгенімен, жасыл же-



лектерді суару мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Жыл сайын егілген көшеттер қурап қалатынына шағым айтушылар көп. Болашақта бұл мәселе қалай шешілімек?

– Қаланың суару желілерінің ұзындығы 156,7 км құрайды, оның ішінде: қаланың коммуналдық меншігінде – 104,5 км, «ЖСЖК» АҚ балансында – 52,2 км. Екіншіше орай, бүгінде бізде суаруға қолданылатын сумен қамтамасыз ету проблемасы бар. Атап өту керек желінің тозуы – 70%-ды құрайды. Жыл сайын Жезқазған қаласының суару желілерін жөндеуге және ұстауға әр түрлі деңгейдегі бюджеттерден белгілі бір қаражат бөлінеді, сондай-ақ жыл сайын құбыр желісіндегі вентилятордың орнынан табылмай, яғни ұрлану, ползетілен құбырларының зақымдану жағдайлары жиі кездеседі және құбыр зақымдары тек су құбыры желілеріне су жіберу кезінде ғана анықталады. Нәтижесінде көшелерді су басу жағдайы туындайды және ақауларды жою үшін суару насостары тоқтатылады, ақыр соңында суару кестесі бұзылады, оған қоса ауыз су беруде кедергілер болады, себебі көпшілік ауызсууды суару үшін пайдалана бастайды.

Суару мәселесін шешу үшін қаланың барлық суару желілерін жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу, сондай-ақ саяжай су-ағарын қайта жаңартуға ЖСЖК әзірлеу жоспарлануда. Көздеген мақсатымыз орындалып,

толмаған төрт және одан көп балалары бар, оның ішінде көмектестік жасақ толғаннан кейін оқу орындарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, жоғарғы оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көп балалы аналарға, бала жасынан мүгедек балаларды тәрбиелейтін аналарға, қала ішінде 1, 3, 5, 6, 8, 11, 96 маршруттардағы автобустарда теңін жүруге болады. Сонымен қатар осы санаттағы аналарға 2020 жылдан бастап жыл сайын біржолғы әлеуметтік көмек көрсету жоспарлануда.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңының 2-бабы 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек – әлеуметтік жағынан аз қамтылған, табысы

лалы отбасыға 3 бөлмелі пәтерді сыйға тарты. Бұл азаматтар жыл аяғына дейін тағы да 4 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етпек. Сонымен қатар, «Ютария LTD» ЖШС компаниялары тобының жақсы бастамасын атап өткен жөн. Аталмыш компания осы кәсіпорында еңбек ететін екі көпбалалы отбасын 4 және 3 бөлмелі теңін пәтермен қамтамасыз етті. Аталмыш игі іс қалалық билік пен бизнестің бірлескен жұмысының нәтижесі болып табылады.

Ауылды мекендерге микрокредит беру құралы бойынша 2019 жылға 3 ауылды мекенге (Кеңгір, Талап, Малшыбай) 60 млн теңге бөлінді. Көзірлі таңда 3 млн теңге көлемінде 1 өтініш қолдау тапты. Ауылдық мекендердің тұрғындары аталған бағдарлама аясында шағын несие алып, өз істеріңізді ашуларыңызға болады.

«Қарапайым заттар экономикасы» деген ұғым азық-түлік, киім-кешек, құрылысқа қажетті құрал-жабдық сынды күнделікті халық тұтынатын тұрмысқа аса қажет заттармен етене байланысты. Бір қарағанда экономикаға еселеп табыс әкелмейтіндей көрінгенмен, негізгі суранысты осы «қарапайым заттар экономикасы» өтейді. Биыл мемлекеттік қазынадан осы саланы дамытуға 600 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражаттың 400 млрд теңгесі өңдеу өнеркәсібі мен көрсетілетін қызметтерге бағытталмақ. Сөйтіп шамамен халық күнделікті қолданатын 360 өнеркәсіп тауары өзімізде шығарыла бастамақ. Міне осы «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде қазіргі таңда «БанкЦентрКредит» банкі арқылы 1 жоба қаралып жатыр. Ол – «Ахтямов» шаруа қожалығы «Құс фабрикасын салу» жобасы, жалпы несие мөлшері – 233,1 млн теңгені құрайды. Жоба банктің қалалық комиссиясымен мақұлданып, бас кеңсеге бекітілуге жіберілді.

Осы жерде «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы туралы қысқаша мағлұмат беріп кетейін. Бағдарлама кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған тиімді құжат. Пайыздық мөлшері қайта өңдеу өнеркәсібі және қызмет көрсету саласы үшін 6 пайыз, агроөнеркәсіп саласы үшін – 5 пайыз. Қала әкімдерінің осы бағдарламаны пайдаланып, белсенді қатысуға шақырамын.

Жалпы айтар болсақ, 2019 жылдың қаңтар-мамыр айындағы жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер саны 5716 бірлікті құрады, өткен жылдың сәйкес мерзіміне олардың саны 400 бірлікке дейін өскен. Ал шағын және орта бизнестің қала экономикасындағы үлесі 15-18 % құрайды.

– Кәсіпкерлер тарапынан жылүзге, сумен жабдықтау (ПТВС) кәсіпорны тарифтері мен қызмет шарттарына шағым көп айтылады. Орталық жылу жүйесінде жұмыс істемейді, қазаның (котельный) қой-ып жатқандар бар. Аталған тарифтерге қатысты қала әкімдігінің ұстанымы қандай?

– Тарифтерді ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті бекітеді. Сонымен бірге, Елбасының тапсырмасына сәйкес 2018 жылдың желтоқсанынан бастап «Казэнергоцентр» ЖШС өз тарифтерін 3 пайызға төмендетті, оның ішінде заңды түрлерін үшін 18,4 тГКВТ*сағ-тан 17,84 тГКВТ*сағ-ға дейін азайтылды. Әлбетте, бұл өрі де мүмкіндіктерге қарай кәсіпкерлерге қолдау көрсетуді жалғастыратын боламыз. Ал ұтымды, пайдалы болып жатса, қазандық (котельный) қойып пайдалану әркімнің өз таңдауы деп білеміз.

Сұхбатыңызға рақмет. Дайындаған Дархан МҰХАН

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ БОЛДЫ

Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында қала дамуының бірқатар бағыттары бойынша бес мәселе қаралды. Кеңес отырысына қала әкімі Қайрат Бегімов пен мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, мемлекеттік мекеме, кәсіпорны басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Күн тәртібіне шығарылған бес мәселенің алғашқысы – жақында нақтыланып, Үкімет қаулысымен бекітілген «Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспар». Аталған мәселе бойынша Жезқазған қаласы экономика және қаржы бөлімінің басшысы Виктория Ставицкая баяндама жасады.

– Нақтыланған кешенді жоспардың қаржыландыру көлемі – 79,7 млрд теңге. Жалпы, жоспар 11 бөлімнен, 52 іс-шарадан тұрады. Жоспар бойынша биыл 21,3 млрд теңге, келер жылы 24,2 млрд теңге, 2021 жылы 19,1 млрд теңге, ал 2022 жылы 15,1 млрд теңге бөлу қарастырылған – деді экономика және қаржы бөлімінің басшысы.

Жоспарды нақтылау барысында 7 бөлім бойынша 28 жоба алынып тасталып, 14 жаңа жобамен толықтырылған. Күн тәртібіне келген екінші мәселе, яғни сәулелі және қала құрылысы бөлімінің бюджеттік бағдарламаларды орындауы туралы бөлім басшысы Г. Махтова баяндама жасады. Оның айтуынша, қаланың бес жоспары 2015 жылғы 11 желтоқсанда облыстық мәслихат шешімімен бекітілген. Аталған бес жоспар құрамында Батыс тұрғын үй ауданындағы аз қабатты үйлер құрылысының егжей-тегжейлі жоспары, 2014 жылы «Өңірлерді дамыту – 2020» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру

және қаланың келешектегі даму бағыты ескеріліп Батыс ауданда көп қабатты тұрғын үйлерді орналасатын 200 гектар аумақтың егжей-тегжейлі жоспары қабылданған. 2015-2016 жылдары аумағы 500 гектар болатын қаланың тұрғын ауданының да егжей-тегжейлі жоспары бекітілген. Қаладағы құрылыс салынатын және салынған аумағы қажетті құжаттамамен толық қамтамасыз етілген.

– Бөлім бекітілген стандарттарға сәйкес 5 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Есепті кезеңде 138 ғимарат, жайларды қайта құрылымдауға рұқсат, 97 нысан құрылысы мен жаңа құрылымдауды жобалауға бастапқа материалдар, 11 сыртқы жарнама орналастыруға рұқсат, 543 жылжымалы мүліктегі мекенжай анықтамасы берілді, – деді өз баяндамасында Г. Махтова.

Кеңес мүшелері жауапты бөлім басшысына қала келбетін қалыптастыру, түрлі мақсаттағы коммерциялық нысандарға жер телімдерін беруіне қатысты сұрақтарын қойып, кейбір көшінілтерді атап көрсетті. Одан кейін сөз алған құрылыс бөлімінің басшысы Г.Таджиева бөлімнің алғашқы жарты жылдықтағы жұмысын баяндады.

– 2019 жылы пайдалануға берілуі тиіс тұрғын үйлі жылдық жоспары 17393 шаршы метрді құрайды. Бірінші жарты жылдықта 6192 шаршы метр

жан басына шаққанда кедейшілік шегінен аспайтын азаматтарға көрсетілді. Бүгінгі күні мұндай көмекті алушылардың саны қала бойынша 1.07.2019 жылғы жағдайға 621 отбасын құрады.

Сондай-ақ, 2020 жылдан бастап Жезқазған қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқытылатын балалары бар көп балалы аз қамтылған отбасыларға ай сайынғы ата-ананың төлемқысының елу пайызын төлеу үшін тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Ал аз қамтылған отбасылардағы балалар мектептерде теңін тамақтандыру толығымен шешілді. Тағы бір қуантарлық жай, бүгінгі таңда біздің қала бойынша Үкіметтен көпбалалы аналарға арнап 30 пәтер, жергілікті бюджеттен 1 пәтер сатып алуға қаражат бөлінді. Қазір заңнамаға сәйкес пәтерлерді сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Сонымен қатар, облыстық бюджеттен қосымша 12 пәтерге қаражат бөлінді. Бұл пәтерлер кезекте тұрған 43 көпбалалы отбасына бөрілетін болады.

Осындай игі істерден қаламыздың бизнес құрылымдары да қалыс қалмай өз үлестерін қосуда. Үстіміздегі жылдың мамыр айында Жезқазған қаласының кәсіпкерлері – «Самға» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Бәйділдаев Абай және «Молдашев Е.» ЖК басшысы Марғұлан Молдашев бір көпба-

лалы отбасыға 3 бөлмелі пәтерді сыйға тартты.

Жақында ғана ел Президенті бұрын соңды болмаған бастама көтеріп, көпбалалы отбасылардың несиелерін жабу туралы шешім қабылдады. Сөзсіз, бұл мұқтаждық тауқыметін көтеріп отырған отбасына үлкен көмек. Аталған бағыттағы істер өз жалғасын табады, себебі мемлекет басшысының әлеуметтік саясатты жүзеге асыру жолдары мен тетіктерін қайта қарау туралы тапсырмасын іске асыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

– Қалада шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында кәсіпкерлерге нақты қандай қолдау шаралары қарастырылған?

– Жалпы шағын және орта бизнесті дамытуға елімізде жеткілікті мемлекеттік бағдарламалар қабылданған. Атап айтсақ, «Бизнестің жол картасы – 2020», «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» деген бағдарламалар бар.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде жыл басынан қаламыз бойынша кәсіпкерлерге 762 млн теңге несие мөлшерін құрайтын 18 жобаға қаржылық қолдау көрсетілді.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жыл-

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында қала дамуының бірқатар бағыттары бойынша бес мәселе қаралды. Кеңес отырысына қала әкімі Қайрат Бегімов пен мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, мемлекеттік мекеме, кәсіпорны басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында қала дамуының бірқатар бағыттары бойынша бес мәселе қаралды. Кеңес отырысына қала әкімі Қайрат Бегімов пен мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, мемлекеттік мекеме, кәсіпорны басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында қала дамуының бірқатар бағыттары бойынша бес мәселе қаралды. Кеңес отырысына қала әкімі Қайрат Бегімов пен мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, мемлекеттік мекеме, кәсіпорны басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

СПОРТ

Қарсақбай кентінде дүние келген Ерасыл Дәулетбек бұл жеңісін сүйікті қаласы Жезқазғанның 65 жылдығына арнаған болатын. Ел даңқын асқақтатқан Ерасылды және бапкерлері Әміртай Дәрібаев пен Бекежан Рахымбековті Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов арнайы қабылдап, құттықтады. Спорт жанашылары Мәжит Сәдуақас пен Бауыржан Мұқашев жас спортшы мен қос бапкеріне ат мінгізді.

СПОРТ



ӘКІМ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Газетіміздің өткен санында Қарағанды облысы, Әлия Молдағұлова атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжнің оқушысы, жезқазғандық жас спортшы Ерасыл Дәулетбектің Нұр-Сұлтан қаласында өткен 2002-2003 жылы туған жастар аралығында грек-рим күресінен Азия чемпионатында күміс жүлдеге ие болғандығы туралы ақшолтай хабармен бөліскен болатынбыз.

Қарсақбай кентінде дүние келген Ерасыл Дәулетбек бұл жеңісін сүйікті қаласы Жезқазғанның 65 жылдығына арнаған болатын. Ел даңқын асқақтатқан Ерасылды және бапкерлері Әміртай Дәрібаев пен Бекежан Рахымбековті Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов арнайы қабылдап, құттықтады. Спорт жанашылары Мәжит Сәдуақас пен Бауыржан Мұқашев жас спортшы мен қос бапкеріне ат мінгізді.

Грек-рим күресінен әлемді таңқалдырған Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Жақсылық Үшкемпіров, Шәміл Серіков, Дуалет Тұрлықханов, Бақтияр Байсейітов сынды өгілі қазақ балуандарының ізін жалғап, жас та болса биік мінберден көрінген жерлесіміз Ерасылға бағындырар биіктерің көп болсын дейміз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Өз тілшіміз

Суретті түсірген Фәлия ӘБДІҒАППАРОВА



ЕЖЕЛГІ МЕТАЛЛУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Адамзат өркениетінің қазіргі бет-бейнесі қалыптасқанша жұмыр жердің бетінде қаншама өркениеттер алмасты. Соның барлығында тұптамыр, сабақтастық деген ұғым бар. Қазіргі жиі айтылатын «тарихи сана» мәселесінің дәнегі тұптамырды сезіне білуде жатқан секілді. Біздің ұстаымыз, аймағымызға белгілі тұлға М.Төреғалдин мұзеге келген жастарға « Ер жеткенде кім боласың?» деген сауалды жиі қоятын. Жауап күтпестен «Адамның кәсібі топырақтан. Біз жаратылған топырақ кеншілер мен металл қорытушылар отаны. Сондықтан кеншілік, политехникалық-инженерлік кәсіп біздің табиғатымызда бар. Ойларыңдар» дейтін. ҰҒА академигі, әлем таныған антропологы О.Смағұловтың соңғы 10-15 жылдағы зерттеулері нені көрсетті. Ғалым өз зерттеулерінде қазақ атамекені тұрғындарының ғасырлар бойы қалыптасқан этно-мәдени, тектік-зәуаттық дамуында алты бірдей тіршілік ерекшелігінің шешуші роль атқарғандығын атап көрсетеді. Соның ең негізгісі – неолит, энеолит, қола дәуірінде қазіргі қазақ жерінде металл балқыту, тау кен кәсіпшілігінің өте жоғары деңгейде дамуы.

«Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алашқы ошақтардың бірі».

Н.Назарбаев,
«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан.

Ұлы далада оның ішінде біздің Ұлытау-Жезқазған аймағынан бастау алған адамзат қоғамына ортақ төндесіз жетістік, бәлім адам баласы менгерген ойлап тапқан өнердің ең алғашқысы – металды игеру кәсібі. Академик Қ.Сәтбаев 1961 жылы Үлкен Жезқазған проблемасына арналған Ғылым академиясының көшпелі сессиясында «Жезқазған – адамзат баласының металды ең алғаш игеруіне негіз болған мысты-қола өркениетінің орталығы болды» деп батыл тұжырым жасады. Металды менгерген халықтың қай дәуірде де экономикалық әулеті басқалардан әлдеқайда жоғары, ігері болды. Адамзаттың ең алғашқы игерген металы мыс десек (Ә.Марғұлан) осы кенге бай өлкеміздің б.д.д. II мыңж., яғни осыдан 3,5-4 мың жыл бұрын қандай өнеркәсіптік дүмпуді бастан кешіргенін елестету қиын емес. Металл айырбастың негізгі құралына айналды. Алғашында қауым ішінде, кейінірек көршілес аймақтарға тарады. Металға деген сұраныстың артуы оны өндіру мен балқыту, өңдеу технологиясын үнемі жетілдіріп отыруды қажет етті. Металлургиялық орталықтарда еңбек бөлінісі, кәсіп түрлері қалыптасып, тұтас өндірістік жүйе ұйымдасты. Белгілі зерттеуші Е.Н.Черных қола дәуірінің өзінде руданы қазып алудан бастап одан бұйым жасауға дейінгі аралықта төрт түрлі мамандық қалыптасқанын айтады. Демек, бүгінгі кенші-байытушы – металлургия кәсіптері ең ежелгі кәсіптер қатарына жатады деген сөз.

Ұлы далада оның ішінде біздің Ұлытау-Жезқазған аймағынан бастау алған адамзат қоғамына ортақ төндесіз жетістік, бәлім адам баласы менгерген ойлап тапқан өнердің ең алғашқысы – металды игеру кәсібі. Академик Қ.Сәтбаев 1961 жылы Үлкен Жезқазған проблемасына арналған Ғылым академиясының көшпелі сессиясында «Жезқазған – адамзат баласының металды ең алғаш игеруіне негіз болған мысты-қола өркениетінің орталығы болды» деп батыл тұжырым жасады. Металды менгерген халықтың қай дәуірде де экономикалық әулеті басқалардан әлдеқайда жоғары, ігері болды. Адамзаттың ең алғашқы игерген металы мыс десек (Ә.Марғұлан) осы кенге бай өлкеміздің б.д.д. II мыңж., яғни осыдан 3,5-4 мың жыл бұрын қандай өнеркәсіптік дүмпуді бастан кешіргенін елестету қиын емес. Металл айырбастың негізгі құралына айналды. Алғашында қауым ішінде, кейінірек көршілес аймақтарға тарады. Металға деген сұраныстың артуы оны өндіру мен балқыту, өңдеу технологиясын үнемі жетілдіріп отыруды қажет етті. Металлургиялық орталықтарда еңбек бөлінісі, кәсіп түрлері қалыптасып, тұтас өндірістік жүйе ұйымдасты. Белгілі зерттеуші Е.Н.Черных қола дәуірінің өзінде руданы қазып алудан бастап одан бұйым жасауға дейінгі аралықта төрт түрлі мамандық қалыптасқанын айтады. Демек, бүгінгі кенші-байытушы – металлургия кәсіптері ең ежелгі кәсіптер қатарына жатады деген сөз.

Ежелгі металлургия мен кеншілер кен барлау және аса құнды кен қорын сақтау әдістерін шебер ұйымдастырған. Кен ең алдымен өте шағын, аумағы 2x3 м, тереңдігі 1-1,5 м шұңқырлар қазылып барланғаннан кейін ғана аршу жұмыстары жүргізілген. Археолог Н.В.Валукинский 1949 жылы Ә.Марғұланға жазған бір хатында «Тәжірибелі контролердің есебі бойынша қазба жұмысы кезінде табылған кен бір шахтаның бір айлық өнімін беріп отыр» деп жазады. Орталық Қазақстан аумағында кен өндірілген кейбір шахталардың тереңдігі 30 м дейін жеткен. Айта кету керек, бұл кәсіпте ХХ ғ. 20-30 жылдарына дейін жер астынан кен аршу осы ежелгі әдіспен, қол еңбегінің күшімен жүргізілді. Тайпа көсемдерінің белгілі абыздарды алтын киім-кешек, қару-жарақпен жасандыру металмен үздіксіз жұмыс істеудің мыңдаған жылдардағы тәжірибесінің арқасында мүмкін болды. Ежелгі шеберлер жасаған бұйымдардың сапасы, беріктігі, металл құрамы, әсемдігі әлі күнге дейін таңқалдырады. Бұл кәсіпте сәзсіз металдың табиғатын тану, әдіс-машықпен қатар шексіз ой-қиял рухани қуат шешуші рөл атқарды. Металл қорыту ісімен қатар қолөнершілік кен көлемде дамып, орта ғасырларға дейін үздіксіз жүргізілді. Ә.Марғұлан Алашахан қабірін қазу барысында одан 5 кг. көптірді өңек табылғанын жазады. А.Машани



әйнек құрамын арнайы зерттеуден өткізіп онда силиций, магний, натрий, алюминий, титан, кальций, мыс, темір, марганец қоспасы бар екенін анықтаған. Қазіргі өндірістік әйнекте мұндай күрделі қоспа жоқ. Демек, орта ғасырларда Жезқазғанда шыны-силикат өндірісі болғанын көрсетеді. Милықұдық тұрағының төменгі қабаттарында түрлі-түсті тас (өңделген) үлгілерінің көп кездесуі бұл аймақта тас өңдеу кәсіпшілігінің де кең көлемде дамығандығын айғақтайды. Бүгінгі күнге дейін осы аймақта ежелгі дәуірлерде әйгілі болған кеншітер мен металлургия қоныстары жөнінде жалпы қауым жақсы біледі. Соның ең көрнектілерінің бірі және мейлінше сақталып қалғаны – Талдысай кешені. Бұл археологиялық объекті – 20 жылдан астам ОҚАЭ ғалымдарының тұрақты зерттеу объектісі. «Сарыарқа төңірегінде 50 металл балқыту орындары белгілі, – деп атап көрсетеді Ә.Марғұлан. – Оның 30-ы Жезқазғанда, 25-і Қарқаралыда, 10-ы Сарысу бассейнінде, 10-ы Ұлытау төңірегінде». Ежелгі өндіріс орындарының саны бұдан өлдене рет көп болуы әбден мүмкін. Тағы да Ә.Марғұланға жүгінейік. «Жошы ұлысы, Алтын Орда дәуірінде металл балқыту ісі өзінің гүлдену,

шарықтау кезеңіне жетті» дейді ұлы ғалым. Демек, Ұлытау аймағы сақтар қауымдастығы, түрік қағанаты, оғыз-қыпшақ, қаңлылар кезеңінен Алтын Орда, қазақ мемлекетінің іргесі бекүінде стратегиялық рөл атқарды. Шексіз ақыл мен даналықтың иесі Тоң Алып бабамыздың (Афрасияб) мақал-мәтелдерінің ішінде мындай біреуі бар екен «Түрік шаһақ ішіндегі теңіз маржаны секілді, өз жайында жатқанда ол тіпті құнсыз нәрсе, бірақ ол теңіз шанағынан шықса болғаны баға-құны артып, патша төждері мен қалыңдықтардың мойны мен құлағының әшекей-көркі болып шыға келеді» (Л.Гумилев. Көк түріктер). Алтын Орда дәуірінің тағы бір ой-маржаны: «Бек алдында иіліп, көкрегін бақан қолдан темір илеген білек мың есе артық» (С.Сарайи). Адамзат өркениетіне ұлы төңкеріс өкпелген кәсіп ата топырақта өлі жалғасып жатыр. Өркениеттегі ең ұлы сабақтастық осы болар.

Зейіп ҚАЗАНБАЕВА,
Мекен Төреғалдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің басшысы

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

ЛАТЫН ӘЛІПБИММЕН БІРГЕ ҚАЗАҚТЫҢ СӨЙЛЕУ МӘНЕРІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Қазақ тілінде орыс тілінің емлесімен айтылып жүрген сөздер жеткілікті. Мысалы, «команда», «коммунизм» секілді сөздерді «о» әрпімен жазғанымызбен, орыс тілінің заңдылығы бойынша «каманда», «камунизм» деп айтып жүрміз. Ал, жаңа латын әліпбиіне ауысқан соң, қазақ тіліндегі осындай кірме сөздердің айтылу нормасын қазақ тілінің дыбыстық нормасымен сәйкестендіріп айтуды санаға сіңірту жоспарланып отыр. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Құралай Күдерінова қазақ орфоэпиясындағы ендігі нормалар туралы айтып берді.



Орфоэпиялық заңдылық бұзылып жүр

Маманның мәлімдеуінше, төл сөздерімізде де қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтары бұзылып жүр. – Орфоэпиялық нормамызды өз қалпына келтіруіміз керек. Себебі бізде жазба тіл мен ауызша тіл бір деген түсінік қалыптасып кетті. Мысалы, «қазақ» сөзі қалай жазылса, солай айтылады. Ағылшын, орыс тілі сияқты емес, қазақ тілінде фонематикалық принцип сөзді жазылуына біршама жақын дыбыстатады. Қазір жастар арасында оқулықтардағы мәтінді сол қалпы өріптеп-дыбыстап оқу пайда болды. Жаңа латын әліпбиімен бірге өнетін тілдік білімдердің бірі – қазақ орфоэпиясының маңызын арттыру, релін жоғары көтеру, орфоэпияны сақтап сөйлеуді мақтаншы ету. Ол үшін жаңа әліпбиімен бірге мектеп бағдарламасына қазақтың орфоэпиясын бірінші үйрететін өзгерістер ендіру керек, – дейді филолог.

деп жазғанымызбен, шындығында, «өзен» деп айтамыз. – Сол секілді шекара – [шегара], қол қойды – [қолгойды] деп айтылуы керек. Осылайша, түбірдегі, түбір мен қосымшаның жігіндегі және өз тіркестерінің арасындағы үндесім мен үйлесімді оқушы норма деп білгенге дейін қайталай оқыта беруіміз қажет. Яғни, тыңдалым мен айтылымды бірінші орынға қоюымыз керек, – дейді зерттеуші.

«Компьютер» емес, «компүтер» Орыс тілі арқылы енген сөздердің дыбысталу мәселесі де бар. Жоғарыда аталған «команда» немесе «коңки» сөздерін «а» арқылы айтуымызға орыс тілі бұйырды. – Бүгінге дейін орыс тілінен енген сөздерді солардың орфографиясымен жазып, орфоэпиясымен айтып келдік. Яғни, көп сөзіміз орыс тілінің сөздеріне ұқсайды. Мысалы, «Компютер алдында отырымын» десеңіз, оны «кампиутер» деп «а» әрпі арқылы айту – норма. Сонда, сөйлемдегі үш сөздің біреуін орыс тіліндей дыбыстап, орыс тіліндей жазды екенбіз. Бұл біздің санамызды біртіндеп орыстандырып келе жатыр еді. Ендігі жағдайда «компютер» сөзін «о» әрпі

арқылы, «компютер» деп дыбыстаймыз. Ауызша тілмен айтқанда, «кампиутер» емес, «компүтер» дейміз. Қазақ тілінің заңы бойынша, қай дыбыстың әрпі жазылып тұр, соның негізгі ренкіне ұқсас дыбыстау керек, – дейді филолог.


Кірме сөздердің дыбысталуын орыс тілінің орфоэпиясы арқылы айтып жүргенімізге бұған дейін ешқандай мән берілмеген. – Бұл солай болуы тиіс нәрсе сияқты қалыптасты. Өйткені, кириллицамен бірге осы құбылысты санамызға енгізіп тастаған. Салдарынан мәтіншіміздің жартысы орыс тілінің сөздеріне ұқсас болып кетті. Бұған дейін өшкім мұны мәселе қылып көтерген емес. Енді арнайы бағдарлама құрып, термин сөздерді қазақ тілінің орфоэпиясымен айтуға дағдылануымыз керек, – дейді Құралай Күдерінова.

Орыс тілінде қалыптасқан «электротгитара» секілді сөздер қазақша да қаз қалпында айтылып жүр. Бұл сөздің ортасындағы «о» жұрнағы – орыс тілінің сөзжасамындағы тәсіл Маманның айтуынша, енді біз жаңа емле бойынша осындай «о» әрпін және сөз соңындағы а дауыстысын алып тастап, «электритгар» деп жазуымыз қажет.

Орфоэпиялық сөздік дайындалып жатыр

Өзге тілдің ықпалынан құтылу үшін қазақ тілінің өз орфоэпиялық нормасын қорған ету керек. Бүгінде Ахмет Байтұрсынұнов атындағы Тіл білімі институты осы мәселені айналысып жатыр.

– Қазір біз бұл мәселелерге өте қатты назар аударып жатырмыз. Ахмет Байтұрсынұнов атындағы Тіл білімі институтында «Қазақ



тілінің орфографиялық сөздігі», «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі», «Қазақ тілінің орфографиялық анықтағышы» және «Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы» жасалып жатыр. Ол жылдың соңына дейін жасалып, сараптамадан өтіп, алдағы жылдары жарыққа шығады, – дейді маман.

Құралай Күдерінова қазақ тіліндегі сөздердің айтылуын үйрету үшін ағылшын тәсілін қолдану керек деп санайды. – Орфоэпиялық сөздікті де жасап жатқан себептіміз – мектеп бағдарламаларына

ЖАҢА ӘЛЕМГЕ БАСТАР ЖОЛ

Бүгінгі таңда қоғамда жиі талқыға түсіп жүрген мәселелердің бірі – латын әліпбиіне көшу тақырыбы. 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен толықтай көшкелі отырған латын әліпбиіне байланысты Жезқазған қаласында да көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда.



«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының редакторы «Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

тапсырысымен «Жас Ұлан» бірінші балалар мен жасөспірімдер ұйымының Қарағанды облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Латын әліпбиіне көшу – жаңа әлемге бастар жол» тақырыбында мемлекеттік қызметкерлерге арналған дөңгелек үстел өтті. Түрлі саладағы мемлекеттік қызметкерлер қатысқан шараға Жезқазған қаласы «Қазақ тілі» қоғамы төрайымы Мейрамқұл Мусина, «Saryarqa» газетінің бас редакторы Дархан Мұхаң, Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту мемлекеттік мекемесі жанындағы «Тілдерді дамыту орталығының» маманы Ақгүл Ошағанова және «Жас Ұлан» бірінші балалар мен жасөспірімдер ұйымының Қарағанды облыстық филиалының директоры Нұрболат Кұлбай қатысып, латын әліпбиіне қатысты ойларымның негізгі ережелермен, жаңалықтармен бөлісті. Қазақстандық патриотизмді қалыптастырып, қазақ тілінің мәртебесін биіктетуді мақсат еткен шарада латын әліпбиіне, жалпы тіл білімі салаларына



қатысты пікірлер мен ұсыныстар айтылып, қатысушылар өз сұрақтарына жауап алды. – Біз жас ұрпақты өліп, Отанын сүюге тәрбиелеуіміз керек. Осы жолда «Қазақ тілі қоғамы» үздіксіз жұмыс жасап келеді. Латын әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиін жасауда өз ұсыныстарымызды да білдіріп келеміз. Жастар тілді шұбарлауға жол бермеуі керек, керісінше, ескі көрегер пайымдардан айырылып, қазақ тілін дамытуға үлестерін қосу керек. Болашақ – жастардың қолында! – деді Мейрамқұл Мусина. Шара соңында Нұрболат Кұлбай алдағы уақыттарда «Жас Ұлан» бірінші балалар мен жасөспірімдер ұйымының Қарағанды

облыстық филиалының ұйымдастыруымен өтетін «Латынша жаза білесің бе?» тақырыбындағы онлайн байқау, «Латын әліпбиі біз еңбегі ресми жазылым, мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» атты мемлекеттік қызметкерлерге арналған семинар-тренинг, «Қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшірудің тиімділігі» тақырыбындағы қалалық конференция ұйымдастырылатындығына хабардар етті және қатысушыларға арнайы сыйлықтар мен сертификаттар табыстады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДІПАПАРОВА

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ, ЖОО – МІНДЕТ! ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі – барлық әлемді алаңдатып отырған аса өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, сенім тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с., осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Алайда, Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында заңнамалық тұрғыда нормативтік-құқықтық база қалыптасқан. Көптеген зерттеушілер осы саладағы заңнама нормаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларына жоғары баға бергенімен, оларды шынайы өмірде жүзеге асыру кезінде кейбір нормалардың қажетті деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға қауқарсыз екендігі байқалады.

Сол себепті, осы мәселеге мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев тарапынан жыл сайын Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларында көп көңіл бөлінеді.

Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі.

Қазір өлімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары болып табылады. Осы бағытта бірқатар бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылуда, мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында міндеттерді іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Экономиканы әрі қарай дамыту, халықтың өл-ауқатын арттыру, әлемнің бәсекеге қабілетті отызу елдердің қатарына кіру мақсатын жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешуді, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыртуға және азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруға негізделген жаңа жүйелі шаралар қабылдауды талап етеді, бұл сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берер еді.

Медет АЙМЕНОВ,
Қарағанды облысы көмелетке толмағандар істері жөніндегі № 2 мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

22.07.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Kоnli toлqyn». 06:25 «Masele».
07:00 «TANSHOLPAN». 09:30 «Роботкелік Поли және оның достары». 10:00 «Qyz-yu ekeп...».

«Бәсеке». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Zerде». 21:00 Итоғи дня. 21:30 «Өз үйім 2». 22:15 «На крыльях любви».

23.07.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Kоnli toлqyn». 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN». 09:30 «Роботкелік Поли және оның достары».

«Тракторшының махаббаты». 19:30 «Бәсеке». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Zerде».

24.07.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Kоnli toлqyn». 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN». 09:30 «Роботкелік Поли және оның достары».

«Сені іздедім». 18:00 «Жұмбақ жандар». 18:45 «Тракторшының махаббаты».

25.07.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Kоnli toлqyn». 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN». 09:30 «Роботкелік Поли және оның достары».

18:45 «Тракторшының махаббаты». 19:30 «Бәсеке». 20:00 Қорытынды жаңалықтар.

26.07.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Kоnli toлqyn». 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN». 09:30 «Роботкелік Поли және оның достары».

любви». 16:30 «Өз үйім 2». 17:30 «Религия. Сегодня».

27.07.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Qyz-yu ekeп...» 06:30 AQPAPAT. 07:30 «Сәлем - Қазақстан!».

01:15 «Вишневый сезон». 06:00 «Күлдірген». 07:00 «Үмітінді үзе».

28.07.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Qyz-yu ekeп...» 06:50 «Қазақ даласының құпиялары».

«Тракторшының махаббаты». 19:15 «Тор-жарпа». 21:00 Дайжесты новости.

10:30 «ДРУГОЙ». 14:30 «НЕ ВМЕСТЕ». 16:30 «АТАЛАР СӨЗІ». 17:10 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».

«ВЫШИБАЛА». 12:30 «ЛАБИРИНТЫ». 14:30 «НЕ ВМЕСТЕ». 16:30 «АТАЛАР СӨЗІ».

«ВЫШИБАЛА». 12:30 «ЛАБИРИНТЫ». 14:30 «НЕ ВМЕСТЕ». 16:30 «АТАЛАР СӨЗІ».

«ҚАЙСАР ЖЕСІР». 10:00 НОВОСТИ. 10:30 «Бәсеке».

«ҚАЙСАР ЖЕСІР». 10:00 НОВОСТИ. 10:30 «Бәсеке».

01:15 «Вишневый сезон». 06:00 «Күлдірген».

«Тракторшының махаббаты». 19:15 «Тор-жарпа».

11:30 «Үш қыздың құпиясы». 12:30 «Мехектің өмірі».

«Летающие звери». 11:30 «Үш қыздың құпиясы».

«Летающие звери». 11:30 «Үш қыздың құпиясы».

10:00 «Летающие звери». 11:30 «Үш қыздың құпиясы».

10:00 «Летающие звери». 11:30 «Үш қыздың құпиясы».

10:00 «Летающие звери». 11:30 «Үш қыздың құпиясы».

10:00 «Летающие звери». 11:30 «Үш қыздың құпиясы».

ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ
Құрметті «Математика+Физика» таңдаған түлектер!
Е.А.Бекетов атындағы ҚарМУ-де жаңадан грант негізінде ІТ кәсіпкерлік және цифрлық экономика».

корпусная МЕБЕЛЬ
На заказ
КУХНИ • ДЕТСКИЕ • ГОСТИНЫЕ • СПАЛЬНИ • ШКАФЫ КУПЕ
Изготовление корпусной и мягкой мебели по индивидуальным замерам.

ХАБАРЛАМА
Құрметті Жезқазған қаласының жеке секторы және село тұрғындары!
Сіздердең 2019-2020 жылдың жылу науқанына уақытылы дайындық жасап қажетті кемір қорын жасау қажеттілігін ескертеміз.

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ!
ЖОЛ ЖӨНДЕУШІЛЕР КЕРЕК
Облыс аумағында Орталық-Оңтүстік «Астана – Қарағанды – Балқаш – Алматы» жолын қайта жөнарту жұмыстары жүргізілуде.

Сақтансаң, сақтайды!
ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!
Су қоймаларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өткізілген шараларға қарамастан, шомылу маусымы басынан Кеңгір су қоймасында адамдардың суға батудың 4 жазатайым оқиғасы тіркелді!

Сақтансаң, сақтайды!
ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!
Су қоймаларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өткізілген шараларға қарамастан, шомылу маусымы басынан Кеңгір су қоймасында адамдардың суға батудың 4 жазатайым оқиғасы тіркелді!

Сақтансаң, сақтайды!
ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!
Су қоймаларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өткізілген шараларға қарамастан, шомылу маусымы басынан Кеңгір су қоймасында адамдардың суға батудың 4 жазатайым оқиғасы тіркелді!

Сақтансаң, сақтайды!
ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!
Су қоймаларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өткізілген шараларға қарамастан, шомылу маусымы басынан Кеңгір су қоймасында адамдардың суға батудың 4 жазатайым оқиғасы тіркелді!

Сақтансаң, сақтайды!
ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!
Су қоймаларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өткізілген шараларға қарамастан, шомылу маусымы басынан Кеңгір су қоймасында адамдардың суға батудың 4 жазатайым оқиғасы тіркелді!

БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК КСЈВКZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.
Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі
Директор – бас редактор Дархан Қабылдаушы МҰХАН
100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. • http://saryarka.webpress.kz • E-mail: sa_jez@mail.ru • whatsapp +7 708 420 1988
Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-07-55, бас редактордың қорық басары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ЕДИГЕ ШЫҢЫ

Бетпақдала арқылы Жезқазғанға сапар шеккен жолдаушылар көне замандарда тасына жазу түскен Таңбалы тастан өтіп, Ұлытауға жетеді. Айналасы теп-тегіс жер. Ұлытаудың ең биік жерін халық Едіге тауы деп атайды. Едіге тауы Ұлытау ауданынан батысқа қарай 35 шақырым қашықтықта орналасқан «Едіге шыңы», «Едіге биігі» атанған бұл биікте Едіге батырмен қатар Алтын Орданың атақты ханы Тоқтамыстың да сүйегі жатыр. Тоқтамыс ханның ордасында беделді би болған Едіге қасиетті Ұлытаудың биік шыңдарының бірінде жерленген. Ол шың көйінінен Едіге деп аталып кеткен. Едіге Алтын Орда ханы Тоқтамыспен қатарлас болған. Ал Тоқтамыстың 1380-1395 жылдары Алтын Орданы билегені, Саураң, Сығанақ шаһарларын орталық еткені тарихтан белгілі. Едіге сол Тоқтамыспен тізе қосып, кейін Еділ, Жайыққа дейінгі жерді өзіне қаратып, Ноғай ордасының негізін қаласады. 1396 жылдан бастап Алтын Орда хандығын 15 жылдай билейді. Ноғай ордасының негізін салған Едігенің есімі қазақ, қарақалпақ, башқұрт халықтарының аңыздарында кездеседі. Кейін Тоқтамыс ханды Едіге өлтіреді. 1419 жылы Сарайшық қаласының жанында Тоқтамыс балалары әке кегін қайырып, оны өлтіреді, ел-жұрт Едіге бидің денесін Ұлытауға өкөп қояды. Ол маңда «Едіге тауы», «Едіге обасы» деген жерлер бар. Ер Едігенің өзі тұрақ қылған жері Ұлытау, Кішітау екен. Дала перзентінің бойындағы даналық бұғанасы қата бастаған шақта-ақ белгі берген. Бізге жеткен аңыз-әңгімелерде Едігенің хан алдында қаймықпаған қайсарлығы ақыл мен пайым-парасаттылығы турасында көп айтылады. Ел жадындағы Едіге – әрі батыр, әрі көсем, әрі шешен, әрі би, әрі ақылгөй дана. Сондықтан халық арасында «Ер қамын жеген Едіге» деген қанатты сөз бекіп қалған. Едіге деген ер екен. Елдің қамын жер екен. Ел шетіне жау келсе, Мән барайын дер екен, – деген жыр жолдары бар. Орыстық этнограф ғалымы Григорий Потанин ел аузынан жазып алған аңыз-әңгімелерінде: «Едіге – қазақ батыры. Оның билік құрған заманын ел ардақтап, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» деп санаған» деп көрсетсе, Әлкей Марғұланның дерегі бойынша, «Арабша Едіге туралы көп жазған, еңбегі Ташкентте. Едіге тұқымының бір бутағы Құмкентте» делінеді. «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары», «Фолконт» баспасы, Астана – 2017

АТАУЛЫ КҮН 19 ШІЛДЕ – ТАРИХТА



1822 жылы дәл осы күні француз өнертапқышы Жозеф Ньепс алғашқы фотосуретті жасап шығарды. Жапонияда әйел министрлердің күні ретінде тойланады. 1870 жылы дәл осы күні Франко-Пруссия соғысы басталды. 1908 жылы 19 шілдеде Лондон қаласындағы Павелъ шіркеуінің епискобы олимпиада қатысушыларына «Бастысы – жеңіс емес, бастысы – қатысу» деп қолдау білдірді. Содан бастап бұл фраза әлемде үлкен танымалдыққа ие болды. Сондай-ақ, 19 шілде – ежелгі Египет күнтізбесі бойынша жаңа жылдың басталар күні. Бұл күні Лаос Франциядан бөлініп, тәуелсіздік алды. Дәл осы күні Финляндияның Хельсинки қаласында XV, Ресейдің Мәскеу қаласында XXII, АҚШ-тың Атланта қаласында XXVI жазғы олимпиада ойындарының ашылуы ашты. 2003 жылы әлемде алғаш рет адамның тілін ауыстыру отасы сәтті өтті.

Жезқазған шаһарының жылнамасы

1975 жыл
• 20 қаңтардағы Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесінің шешімімен Қостанкөлші шағынауданындағы Ломоносов пен Дорожная көшелерінің қиылысындағы 0,3 га жер телімі Жезқазған тресі «Облыстық газ» өкімшілік фирмартының салынуына берілді.
• 26 наурыздағы Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесінің шешімімен Жезқазған ауданаралық мемлекеттік киножүйесі дирекциясы Жезді аудандық мемлекеттік кино жүйесі дирекциясы болып өзгертілді.
• 16 мамырдағы Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №223 шешімімен қаланың 3-4 шағынауданындағы көшеге Жеңістің 30 жылдығы атауы берілді.
• 29 сәуірде Жезқазған облысы мектептеріне жоғары білімді мұғалімдер даярлау мақсатында ҚСРО Министрлер Кеңесінің шешімімен Жезқазған педагогикалық институты ашылды.
• 4 қазанда Кеңес Одағының Батырлары, СССР-дің космонавт-ұшқыштары А.А. Губарев пен Н.Н. Рукавишников Жезқазғанға келді, оларға Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.
• 28 қарашада Металлургиялық өндіріс сарайында Жезқазған қалалық XVII партия конференциясы ашылды.
• 30 қараша күні облыстық көпшілік кітапхананың ашылу салтанаты өтті. 15 адам қызмет ететін кітапханада 36400 кітапхана қоры болды.
• 4 желтоқсанда Жезқазғанда облыстық III комсомол конференциясы ашылды.
• 19 желтоқсанда Жезқазған облыстық II партия конференциясы өтті.
• «Средазветметрремонт» мамандандырылған жөндеу-құрылыс тресі басқармасы «Қазветметрремонт» болып қайта құрылып, Қазақ КСР түсті Металлургия министрлігінің қарамағында болды.
• Жезқазғаннан Қызылордаға қатынайтын әуе жолы ашылды.
• Жезқазған байыту фабрикасы өндіретін мыс концентратына мемлекеттік сапа белгісі берілді.
• Қаладағы сүт зауытында қол еңбегі толық механикаландырып, кәсіпорында еңбек өнімділігін еселен арттыруға кең жол ашты.
• Жезқазған ет комбинаты 68 түрлі өнім шығарды. Осы комбинат шығаратын «сервелат» шұжығына мемлекеттік сапа белгісі берілді.
• Тұрғындардың талап-тілегін толық қанағаттандыру мақсатында қаланың 6 шағынауданында жаңа байланыс бөлімшесі ашылды.
• Мыс қорыту зауытының металлургия цехы механикалық жөндеу бөлімінің жаңашы-лары штейннің тесіктерін жабатын электро-механикалық-пневматикалық қондырғы жасап шығарды.
• Жезқазған мыс байыту фабрикасының кезекті секциясы пайдалануға берілді.
• Құрылысшылардың мәдениет сарайында автоматты түрде жауап беретін телефон

«АНАЛАР ҮЙІНІҢ» ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – бүгінгі таңда кей нәзік жандылардың басты проблемасының бірі. Зорлық-зомбылықтың ең көп кездесетін төрт түрі, яғни физиологиялық, сексуалдық, материалдық, психологиялық түрлері тіркелген. Осындай түрлі тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан зардап шегіп, қайда барарын білмей басы делсал болған нәзік жандылар қауымының бүгінгі таңдағы бас сауғалайтын аллы мекені – «Ана үйі».

«Аналар үйі» – сан түрлі тағдыр теперішіне ұшыраған жалғызбасты аналардың мекені. Бұл жерді көмелетке толмағандармен қатар 30 жасқа дейінгі аналар паналай алады. Біздің елімізде 19 қалада 24 «Аналар үйі» бар. 2016 жылдан бері түрлі тағдырдағы қыздар мен аналар қауымына қол ұшын созып, ақыл-кеңес беруден танбай, нәтижелі жұмыстар атқарып келе жатқан Жезқазған қалалық «Аналар үйі» қоғамдық қорының жұмысы ауыз толтырып айтарлықтай. Бұл жерде қиын жағдайға тап болған және баладан бас тартуға ниет білдірген 18 айға дейінгі баласымен немесе жүктіліктің 3 айлығындағы жас аналар кәсіпкерлерімен бірге қалаалық «Аналар үйі» аналарды тұрғылықты орынмен қамтамасыз етіп қана қоймай, психологиялық, медициналық көмек көрсетіп, құжаттарын қапшына келтіру, жәрдемақы рәсімдеу, білім беру, жұмысқа орналастыру сынды мәселелер турғысынан көмек көрсетеді. Қазіргі

таңда 6 ана балаларымен «Аналар үйінде» тұрып жатыр. Жезқазған қалалық «Аналар үйінде» Жезқазған қаласы полиция басқармасы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің инспекторы, полиция аға лейтенанты Балдырған Мамырова, қалалық «Медиация дамыту орталығының» медиаторы Жұлдыз Есмурзина, кәсіпкер Гүлжан Табылғанова, Қарағанды облысы көмелетке толмағандардың мамандандырылған ауданаралық №2 сотының кеңсе меңгерушісі Айнуір Сабырдың қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге жиналған мамандармен «Аналар үйінің» тұрғындары пікір алмасып, өз сұрақтарын қойды.

«Біздің көмегімізге көптеген әйелдер қауымы келіп жүгенді. Олардың қатарында жалғызбасты аналар, отбасындағы ұрыс-жанжалдарға байланысты үйді қалған аналар, түрлі тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген аналар бар. Біз шарасыз қалған аналарды «Аналар үйіне» орналастырып, олардың отбасыларына жергілікті полиция қызметкерлерімен бірге бақылау жүргізіп, заңды түрде көмек көрсететін боламыз, – деді өз сөзінде Балдырған Мамырова. «Аналар үйінде» көмек алып жатқан М. есімді тұрғын – үш баланың анасы. Алғашқы екі баласының бірі – нағашыларында, екіншісі – ауылдағы туыстарының қолында. Өзі төрт айлық сәбиімен осы жерді мекен етіп жатқан М. он төрт жыл отасқан жұбайынан қорлық көргенін айтады. Отбасындағы бітпес кейкілжіңдердің салдарынан өзінің және балаларының құжаттарын жоғалтып алған Балаларының мектепке барар уақыты таяп қалғандығын, ал олардың әлі құжатсыз жүргендерін ойлап шырғалдаған ана арнайы мамандардан көмек сұрап, олардан ақыл-кеңес алды. – Халық арасында «Аналар үйі» туралы теріс пікірлерде қалыптасқан.



«Бұл жер жастарды отбасын бұзуға үгіттейді, соның салдарынан ажырасу фактілері көптеп орын алып жатыр» деген пікірді жақтаушылар да аз емес. Бірақ, біз алдымызға келген келішектен бөлек балалардың толыққанды отбасында өсуі керектігін үнемі ескертіп отырамыз. Біздің көмегімізге жүгінген аналардың жұбайларымен өзге де отбасы мүшелерімен сөйлесіп, оларды барынша татуластыруға тырысамыз. Мысалы, өткен айда 5 тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген ананы отбасымен татыстырдық, – дейді «Аналар үйінің» координаторы Гүлмира Пирекенова.

Шара соңында Гүлжан Табылғанова Б. есімді ананың баласының тусуын кесті және оның жұбайымен татуласу сөтінің күегері болды. Жұлдыз Есмурзина «Аналар үйінің» координаторы Гүлмира Пирекеноваға Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңының жүзеге асырылуына, отбасылық дауларды шешудің баламалы тәсілдерін қолдану аясын кеңейту мақсатында атқарған жұмыстары үшін «Медиация дамыту орталығының» алғыс хатын табыстады. Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖЕЗҚАЗҒАНДА ЕСКЕКШІЛЕР ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ



1936 жылдан бері олимпиада ойындарына енген байдарка мен каноэда ескек есу спорты біздің елімізде де соңғы жылдары қарқынды түрде дамып келеді. Бұл бағыттағы жұмыс Жезқазғанда да жақсы жолға қойылған. Биыл да қаламызда дәстүрлі түрде байдарка мен каноэда ескек есу сайысы өтті. 1996 жылға дейін туған жастар арасында өткен осынау су спортында Орақ, Қызылорда, Шымкент, Қарағанды, Теміртау және Жезқазған қалаларынан келген 75 спортшы бақ сынады. Сайысқа Жезқазған қаласынан екі команда қатысты.

– Спорттық шараның басты мақсаты – осы спорт түріне бейім ынталы жастарды іріктеу, оларға қолдау көрсету. Бұл спорт түрі басқа қалаларға қарағанда Жезқазған қаласында жоғары дәрежеде дамып келеді. Биылғы жеңімпаздар Әлем чемпионатына жолдама алатын болады, – деді байдарка және каноэ есуден Қазақстан Республикасының мемлекеттік жаттықтырушысы Айдар Қартпаев. Егор Борисов бас төрешілік еткен байдарка және каноэда ескек есу сайысы 200, 500, 1000, 5000 м қашықтықтары бойынша төрт күнге жалғасты. Сайыс қорытындысы бойынша Диас Бахрадин, Виктор Хамазин, Виктор Степанов, Дильназ Сұлтанбек, Сайра Орақбаева, Татьяна Гладкова, Антонина Казанина, Никита Дергунов, Данил Хоменко, Владислав Куклин, Владислав Бахирев, Александр Ромашов, Денис Басов Әлем чемпионатына жолдама алды. Суды бағындырған жас спортшыларға алдағы әлемдік додада сәттілік тіпеміз!

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАЙЫ СӨЗ БОЛДЫ

Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасында баспасөз өкілдеріне арналған брифинг өтті.

Күннің күрт ысуына байланысты су жағалауына қарай асыққан халықтың да қарасы көбейді. Төтенше жағдайлар қызметінің хабарлауына өткен сенбі-жексенбі күндері республика бойынша 22 адам суға кетіп қайтыс болған. Суға түсу маусымы ашылғаннан бері Қарағанды облысы бойынша 13 адам құтқарылып, 6 адам суға кеткен. Облыс бойынша суға кетіп қайтыс болғандардың 4-еуі – Жезқазған қаласының тұрғындары. Бұл қайғылы оқиғалар 9, 12, 23 маусым және 14 шілде күндері орын алған. Қала тұрғындарының судағы қауіпсіздік шараларын нығайту мақсатында Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы төрағасының орынбасары Сұлтан Ахметов, Жезқазған қалалық құтқару орталығының басшысы Марат Аллюков, «Горняк» демалыс базасының басшысы Дархан Ранов, «Қыздарбек» жағажайының басшысы Дулат Қыздарбеков, «Лагуна» жағажайының басшысы Андрей Талубяк, «Максимум» жағажайының басшысы Максим Дубинский және жергілікті полиция өкілдігінің қызметкерлері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан жиын өтті.

– Суға кетіп қайтыс болған 4 адамның екеуі рұқсат етілмеген аймаққа өту кезінде, қалған екеуі мас күйінде суға түсу салдарынан қайғылы жағдайға ұшырап отыр. Біз тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, арнайы рейд ұйымдастырып отырамыз. Жергілікті полиция қызметкерлері және құтқарушы мамандармен бірлесіп судағы қауіпсіздік шараларын барынша нығайтып жатырмыз, – деді Сұлтан Ахметов. Жиын барысында алдағы уақытта тәртіп бұзған тұрғындарға айыппұл салу және сот шешімімен 15 тәулікке дейінгі бас бостандығынан айыру шараларының көбейтілгендігі ескертілді. – Бізде суға кеткен адамдарды құтқару бойынша 11 маман жұмыс жасайды. Сондай-ақ, 24 сағат бойы рейд жұмыстары жүргізіледі. Кешке қарай суға түсушілердің саны артады. Олардың қатарында мас күйінде суға шомылатындар өте көп. Біз оларға арнайы шаралар қолданамыз. Сонда да, алғолында ішімдіктерді жасырын түрде тұтынатындар баршылық. Біздің олардың жеке бас заттарына қол сұғуға құқығымыз жоқ. Соны пайдаланған тұрғындар мас күйінде суға түседі, ал бұның арты қайғылы жағдайға душар ететін сөзсіз. Күн ыстық, жұмыстан соң суға салқындауға келетін тұрғындар барынша түсіністікпен қарауға тырысамыз. Өйтсе де, кешкі сағат 9-дан соң өз қауіпсіздіктері үшін суға түспеуге берген бөріміз, – деді газетшімізге көрсен сұхбатында Марат Аллюков. Жиын барысында кәсіпкерлер тарапынан су жағалауларын



рына қол сұғуға құқығымыз жоқ. Соны пайдаланған тұрғындар мас күйінде суға түседі, ал бұның арты қайғылы жағдайға душар ететін сөзсіз. Күн ыстық, жұмыстан соң суға салқындауға келетін тұрғындар барынша түсіністікпен қарауға тырысамыз. Өйтсе де, кешкі сағат 9-дан соң өз қауіпсіздіктері үшін суға түспеуге берген бөріміз, – деді газетшімізге көрсен сұхбатында Марат Аллюков. Жиын барысында кәсіпкерлер тарапынан су жағалауларын

қайтадан тексеріп шығу, кешкілік уақытта тұрғындардың суға түсуін азайту үшін арнайы шаралар қолдану, жағалауларға ерт қауіпсіздігіне байланысты белгілер орнату, сондай-ақ, оны қала көшелерінде және бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде жариялау керек деген ұсыныстар айтылды. Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН Суреттерді түсірген Фалия ӘБДІҒАППАРОВА

КҮН ӨТКЕНДЕ
Егер адамның басынан қатты күн өтсе, дәрігердің көмегі керек. Себебі, медицина қызметкерлері инфаркт, инсульт пен басқа да аурулардың алдын ала алады. Зардап шегушіге қаншалықты күн өткенін ауру белгілері бойынша анықтау қиын, сондықтан көз көлген жағдайда жедел жәрдем шақырған жөн.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК
Күн өткен адамды көлеңкеге немесе салқын жерге апарып, басын көтеріп жатқызу керек.
Кімнің шешіп, белбеуін босату қажет.
Басына салқын компресс қою керек. Денесін жүрек тұсынан бастап суық сумен сүртпін шығу немесе ылғалды тәсек жаймасымен орау керек.
Күн өткен адамға суық су ішізу қажет. Егер зардап шегуші есінен танып қалса, нашартыр спиртін ішкізгің, бүйірімен жатқызу керек.
Егер сіз науқасты медициналық мекемеге өз бетіңізбен жеткізіп жатсаңыз, оны жатқызып апару қажет.